



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БОЙЫНША АРНАЙЫ ӨКІЛІ СЕРДЖИО ГОРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-америка ынтымақтас-тығының жоғары деңгейін атап өтіп, Америка Құрама Штаттары-мен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

— Біз өзекті мәселелерді кеңінен талқылауға мүмкіндік туғанын оң бағалаймыз. Әсіресе, аса маңызды минералдар бойынша C5+1 диалогына қатысуыңызды құптаймыз. Бұл Құрама Штаттардың Қазақстанмен және бүкіл Орталық Азиямен ынтымақтастыққа стратегиялық тұрғыдан мән беретінін көрсетеді. Сондай-ақ Сіздің екіжақты байланыстарды дамытуға қосқан үлесіңізді атап өткім келеді. Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі арттыруға мүдделі. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сіз арқылы АҚШ Президенті Дональд Трампқа ыстық ықыласым мен ізгі тілегімді жолдаймын. Жыл соңына қарай біз кездесеміз деп ойлаймын. Сонымен бірге Майамиде өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін ризашылығымды



білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесу үшін алғыс айтып, Президент Дональд Трамптың сәлемін жеткізді.

— Сіздің Ақ үйде досыңыз бар деп сеніммен айта аламын. Президент Трамп қызметіңізді айрықша бағалайды. Біз елдеріміздің мүддесі үшін өзара тиімді шешімдер іздеуге ұмтыламыз.

Мұны АҚШ пен аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастың қарқыны дәлелдейді. Кейінгі жылдың өзінде 20 миллиард доллардан аса сомаға келісім жасалды. Бұл әлі бастауы ғана екеніне сенімдімін. Сіздің жыл соңында өтетін G20 саммитіне қатысатыныңызға өте қуаныштымыз, — деді Арнайы өкіл.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серджио Гор бірлескен сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ аса маңызды минералдар, көлік-логистика, цифрландыру мен басқа да басым салалардағы ықпалдастық перспективасын талқылады.

Қазақстан тең құрылтайшыларының бірі болған Бейбітшілік кеңесінің қызметіне ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, еліміз халықаралық тұрақтылық пен гуманитарлық бастамаларды ілгерілету ісіне үлес қосуға дайын. Сондай-ақ өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасу өтті.

Кездесу соңында Президент пен Арнайы өкіл сан қырлы қазақ-америка ынтымақтастығын тереңдетуге өзара мүдделі екенін қуаттады.

• Президент тапсырмаларын жүзеге асыру

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында туристік саланы дамыту мәселелері қаралды. Жиында туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ішкі істер министрі Ержан Сәденов, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, сондай-ақ «Kazakh Tourism Development» АҚ басқарма төрағасы Ержан Еркінбаев және Қарағанды, Ақмола, Маңғыстау, Жетісу облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Олжас Бектенов Президент туризм саласын және тиісті инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отырғанын баса айтып, еліміздің инвестициялық тартымдылығы үшін аталған саланың маңызды екеніне тоқталды.

«Туристік саланы дамыту мәселесі Мемлекет басшысының тұрақты бақылауында. Президент Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесте туризм инвестициялық тартымдылықтың өте маңызды бөлігі екенін атап өтті. Ол үшін жұрт жаз айларында ғана емес, жыл бойы демалатындай жағдай жасап, тиісті инфрақұрылымды дамыту қажет», — деп атап өтті Премьер-министр.

Туризм және спорт министрлігінің мәліметі бойынша, 2025 жылы орналастыру орындары қызмет көрсеткен ішкі туристер саны 8,7 млн адамды құраған, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 12%-ға артық. Шетелдік келушілер саны 2024 жылмен салыстырғанда 500 мың адамға артып, 15,7 млн адамға жеткен. 2025 жылдың қорытындысы бойынша салаға тартылған инвестиция көлемі 33%-ға өсіп, 1,3 трлн теңгені құрады.

Үкіметте жазғы туристік маусымға дайындық мәселелері қаралды

Елімізде Президенттің саланы дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Жедел үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. Туристік нысандардағы инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласына тұрақты негізде тексерулер жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар, Премьер-министр өңірлерде оң серпін бар екенін, бірақ ол қарқынның жеткіліксіз екенін атап өтті. Мемлекет басшысы жуырда Алматы облысына барған жұмыс сапарында туристік саланың дамуын сынға алды. Президент өңірдің туристік әлеуеті мен инфрақұрылымын жедел қарқынмен дамыту қажеттігін атап өтті. Мұндай жағдай басқа облыстарда да байқалады.

Сондықтан Премьер-министр барлық әкімдікке туристердің жайлы әрі қауіпсіз демалысын қамтамасыз етіп, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған тиісті инфрақұрылымды жедел қарқынмен дамытуды тапсырды. Туристік саланың жай-күйі әкімдердің тұрақты бақылауында болуы тиіс.

Үкімет отырысында туристік ірі жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Almaty SuperSki тау шаңғысы кластерін құру жобасын жүзеге асыру барысы қаралды. «Kazakh Tourism Development» АҚ басқарма төрағасы Ержан Еркінбаевтың деректері бойынша жоба аясында күніне 10 мың адамнан асатын 60 шақырым тау-шаңғы трассасы, заманауи 11 аспалы жолын, сондай-ақ инфрақұрылым нысандарын салу жоспарланған.

Экология және табиғи ресурстар министрі Еран Нысанбаев ғалымдар және



жетекші эколог мамандармен бірлесіп жан-жақты зерттеу жұмысы жүргізілгенін, оның қорытындысы бойынша жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға кері әсер етпейтіні анықталғанын айтты.

Олжас Бектенов жобаны уақтылы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Премьер-министр жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде жұртшылық арасында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыруды тапсырды.

Премьер-министр сонымен қатар әлемдік туристік индустрияның қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде экотуризмді дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, жаһандық экологиялық туризм нарығы 2034 жылға қарай \$660 млрд-тан асуы мүмкін. Былтыр Қазақстандағы экотуристер саны 3,6 млн адамнан асты. Бұл ретте елімізде Шарын шатқалы, Көлсай көлдері, сондай-ақ Алтын-Емел, Іле-Алатауы, Бурабай, Баянауыл ұлттық табиғи паркітері мен басқа да керемет

табиғи байлықтарымыз бар.

Олжас Бектенов бұл аумақтарды дамыту және инвесторларды тарту жұмыстары қосымша назар аударуды қажет ететінін атап өтті. Туристік әлеуетті одан әрі аша түсу үшін жаңа заманауи жобаларды жүзеге асыру қажет екені атап

өтілді. Осыған байланысты Туризм және спорт, Экология және табиғи ресурстар министрліктері мен әкімдіктерге бір ай мерзімде нақты ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Жазғы туристік маусымға дайындық маңызды бағыт болып қала береді. Олжас Бектенов демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша алдын алу шараларын қабылдау қажеттігін атап өтті. Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі негізде жүргізу және Барлық жедел әрекет ету қызметтері жоғары дайындық және мониторинг режиміне көшірілуі тиіс екенін атап өтілді.

Сонымен қатар Премьер-министр туристер үшін бағыт-бағдар көрсеткіштері, демалыс аймақтарында санитариялық талаптардың сақталуы және жауапты қызметтердің жұмысын үйлестіру мәселелеріне ерекше назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

Барлық демалыс орындарында, саябақтарда және жағажай аймақтарында әртүрлі тілдерде арнайы ақпараттық белгілер, схемалар мен бағыт-бағдар көрсеткіштері орнатылуға тиіс. Туристердің қауіпсіз әрі жайлы демалысы осы саланың негізгі стандартына айналуға тиіс.

Осыған байланысты Жедел үйлестіру штабына мұны ерекше бақылауға алу тапсырылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға бірқатар тапсырма берді.

«Бірінші. Халықтың тарапынан танымал әрі шалғайдағы туристік бағыттарға көлікпен қатынаудың қиындығы туралы шағымдар келіп түсуде. Әуе және теміржол билеттерінің тапшылығы мен бағасының қолжетімділігі де

Үкіметте жазғы туристік маусымға гайындық мәселелері қаралды

алаңдаушылық туғызады», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Көлік министрлігіне әуе компанияларымен және «Қазақстан темір жолымен» бірлесіп, демалушылар үшін қолайлы бағамен танымал курорттық бағыттарға рейстердің және орындар санын арттыру шараларын қабылдау тапсырылды.

Екінші. Экология министрлігі 10 облыста инвестициялық әлеуеті жоғары негізгі ұлттық парктерді айқындады.

Сондай-ақ парктерді дамытуға мүдделі инвесторлар да бар.

Барлық тиісті мемлекеттік органдарға басы артық бюрократиясыз, оларды тез арада жүзеге асыру үшін жан-жақты қолдау көрсету тап-

сырылды.

Үшінші. Туристік маусымның нағыз қызған шағында демалушыларды орналастыру үшін орын тапшылығы қатты байқалады.

Көптеген адамдар арнайы жабдықталмаған демалыс орындарын пайдалануға мәжбүр.

Өңір әкімдіктері шұғыл түрде шатырлар мен автоүйлерде кемпингтік демалысқа арналған тұрақтардың немесе алаңдардың тиісті инфрақұрылымын қамтамасыз етуі қажет.

«Қорытындай келе, тағы бір маңызды мәселеге назар аударамын. Туризм саласы қарқынды дамыған елдерде демалыс сапасы көбіне жай-

лы қонақ үйлермен немесе әралуан туристік бағыттармен, экскурсиялық бағдарламалармен ғана емес, келушілерге күнделікті қызмет көрсететін мамандардың кәсіби деңгейімен де айқындалады. Бұл жергілікті тұрғындардың қонақжайлық қасиетіне де тікелей байланысты», — деп атап өтті Премьер-министр.

Осы орайда, Туризм министрлігіне әкімдіктермен және туристік компаниялармен бірге өз жұмыстарында демалушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға баса назар аудару тапсырылды.

Дәл осы қызмет көрсету сапасы туристік саланың тартымдылығына және еліміздің беделіне тікелей әсер ететіні атап өтілді.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға жүктелді.

Талдықорғанда 32 отбасы жаңа пәтердің кілтіне ие болды. «Құлагер» шағын ауданынан баспаналы болған қалалықтарды облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, халықты тұрғын үймен қамту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту — Президенттің біздің алдымызға қойған басты міндеттерінің бірі. Соның ішінде баспанамен қамтудың, яғни әр отбасының өз шаңырағы болуының маңызы үлкен. Сондықтан біз тұрғын үй құрылысының көлемін жыл сайын арттырып келеміз. Бұл ретте тұрғын үй құрылысының үлкен бөлігі Талдықорған қаласына тиесілі. Соңғы жылдары 9, 10, 11-шағын аудандарда кезектегі азаматтар үшін тұрғын үйлер көптеп салынды. Жалпы, Талдықорғанда өткен жылы 630-дан астам адам үйлі болса, биыл жыл соңына дейін қалада 1400-ге жуық баспана салынады деп жоспарлап отырмыз. Оған қоса әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары қатар жүріп жатыр, - деген өңір әкімі кілт тапсыру рәсіміне көшті.

Жаңа қоныстанушылардың атынан сөз сөйлеген Мархамат Қасенова:

— Тұрғын үй кезегінде 9 жыл тұрдым. Үш баланы жалғыз тәрбиелеп отырмын. Көп жыл бойы пәтер жалдап, түрлі қиындықтарды бастан өткердік. Енді біздің отбасымыздың да өз баспанасы бар. Бұл — үлкен бақыт.



32 отбасы жаңа пәтерге ие болды

Осы мүмкіндікті пайдаланып, халыққа көрсетіліп жатқан қолдау үшін Президентке алғысымды білдіремін. Осындай қуаныш әр отбасының шаңырағына бұйырсын, — деді ол.

Мұнан соң Бейбіт Исабаев кілтке ие болғандардың пәтерлеріне арнайы барып, оларды жаңа қонысты болуымен құттықтады.

Осы орайда тұрғындар өз пікірлерін білдірді.

— Бүгін - біздің отбасымыз үшін көптен күткен қуанышты күн. Үш бөлмелі жаңа пәтердің кілтін алдық. Қоныс тойымызбен облыс әкімі құттықтап, жылы лебізін білдірді. Бұл біз үшін өте қуанышты әрі әсерлі сәт болды. Жаңа қоныстанушылардың бәрін құттықтаймын. Шаңырақтарыңыздан береке мен бақ кетпесін, — деді Айдана Оспанова. Осындай пікірге басқа да жаңа



пәтер иелері қосылды.

— Бұл күнді мен өте ұзақ күттім. Тағдырдың жазуымен ата-анамның қамқорлығынсыз өстім. Енді өз үйім бар, өз алдыма дербес өмір сүре бастадым. Пәтер өте әдемі, толық әрленіп тапсырылған. Баршаларыңыздың армандарыңыз орындалсын, — деді Азамат Серік.

Атап өтсек, Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде жал-

пы көлемі 1,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы уақыт ішінде шамамен 11 мың отбасы қоныс тойын тойлады. Ал биыл тағы тұрғын үй кезегінде тұрған 3 мың азамат өз баспанасына қол жеткізеді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**

«Жасыл ел» еңбек жасақтарының XXII маусымы басталды

Жетісу облысында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XXII маусымының салтанатты ашылуы өтті. Облыс құрылғаннан бері аталған бағдарлама аясында маусымдық жұмыспен шамамен 2 мың жас қамтылса, биыл студенттер мен жұмыссыз жастар қатарынан 630-дан астам адам жұмысқа тартылады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорған қаласында өткен кезекті еңбек маусымының ашылу рәсіміне «Жасыл ел» жасақтарының сарбаздары, қалалық және аудандық жастар ресурстық орталықтарының басшылары, белсенді жастар мен студенттер, сондай-ақ еріктілер ұйымдарының өкілдері қатысты. Іс-шараны «Jetisu jastary» облыстық жастар орталығы ұйымдастырды.

«Jetisu jastary» КММ директоры Арнай Байжұрынов:

– «Жасыл ел» бағдарламасы жастарды еңбекке баулуда, олардың патриоттық рухын нығайтуда және қоғамдық белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осы бағдарлама аясында өңірімізде жұмыссыз жастарды, ауыл жастарын және NEET санатындағы жастарды қолдау мен жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар «Жасыл ел» жасақтарының сарбаздары «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға елеулі үлес қосып келеді. Мәселен, олар 3,5 мың түп ағаш көшетін отырғызып, 250 шақырым арық жүйесін тазартты, сондай-ақ 130 тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтарды жинап, арнайы полигондарға шығарды. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. Маусым барысында «Жасыл ел» жобасы аясында 635 жасты жұмыспен қамту жоспарланып отыр, – деді ол.

Өз пікірлерімен еңбек жасақтарының сарбаздары да бөлісті.

– Мен «Жасыл ел» еңбек жасағына биыл алғаш рет қатысып отырмын. Мұндағы жұмыс қоршаған ортаға ұқыпты қарауды үйретеді. Туған табиғатты қорғау мен аялаудың қаншалықты маңызды екенін тереңірек түсіне бастадым. Бұл бағыттағы тәжірибем өзгелерге де пайдалы болады деп ойлаймын, – деді Омар Әбдікәрім.

– «Жасыл ел» бағдарламасына қатысқаным алты күн болды. Мұндай таңдау жасағаным өте қуаныштымын. Себебі жобаға қатысу арқылы өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік алып отырмын. Жаңа адамдармен танысып,



туған қалама іс жүзінде пайдам тиетініне қуаныштымын, – дейді бағдарлама қатысушысы Аяулым Асхатқызы.

Сол сияқты облыстық «Жасыл ел»

еңбек жасағы филиалының директоры Аманжол Оразалиев:

– Бүгінде біздің штабтың құрамында 265 қатысушы бар, олардың саны

тұрақты түрде артып келеді. Мен штабқа жетекшілік еткеніме төрт жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында экологиялық жұмыстармен қатар, қарт адамдардың аулаларын тазалауға тұрақты түрде көмектесіп жүрміз. Мұндай игі бастамалар жастарды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелейді. Жалпы, «Жасыл ел» бағдарламасы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, оларды қоғамдық өмірге белсенді тартуға және әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатыстыруға бағытталған, – деді ол.

Маусымның салтанатты ашылу рәсімі облыстық филармония өнерпаздары мен қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламамен жалғасты.

Іс-шара соңында қатысушылар өткізілген орын аумағын тазалау бойынша экологиялық акция ұйымдастырды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісулық шаруашылықтар егістікті күмін-баптау жұмыстарын белсенді жүргізуде

Жетісу облысында ауыл шаруашылығы дақылдары 511,8 мың гектарға себіліп, егіс көлемі өткен жылға қарағанда 1,1 мың гектарға ұлғайтылды. Көктемгі дала жұмыстары бүгінгі күнге толығымен аяқталып, қазіргі уақытта шаруашылықтар тарапынан себілген дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, көктемгі егіс науқанын қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы шаруашылықтарға 9,1 млрд. теңге несие берілді. Облысқа бөлінген 5,2 мың тонна арзандатылған дизель отыны толығымен жеткізілді. Суармалы су барлық аудандарға берілді. Шегіртке тектес зиянкестерге қарсы 59,4 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Көктемгі дала жұмыстарының қорытындысы туралы шаруашылық өкілдері пікірлерін жеткізді.

– Біздің шаруашылығымыздағы суармалы жердің жалпы көлемі 150 гектар. Биыл оның 70 гектарына жаздық арпа, 75 гектарына соя, 20 гектарына жоңышқа ектік. Өзім егін шаруашылығымен қатар жылқы өсірумен де айналысамын. Қазіргі таңда шаруашылықта 500-ге жуық жылқы бар, оларды жем-шөппен толықтай өзіміз қамтамасыз етеміз. Шаруашылықта қажетті техниканың барлығы жеткілікті. Екінші жыл қатарынан органикалық тыңайтқыштарды қолданып келемін. Сонымен бірге ауыспалы егіс жүйесін сақтауды да ұмытпаймыз. Мұның барлығы топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге оң әсерін тигізіп отыр. Биылғы егіс науқаны сәтті өтті, оған ауа райының жайлы болуы да ықпал етті. Әр гектардан 30 центнерге дейін арпа өнімін аламыз деп күтіп отырмыз, - деді Талдықорғандағы «Софин» шаруа қожалығы жетекшісі Александр Софин.

– Біздің шаруашылығымыз Талдықорған қаласының Еңбек ауылында орналасқан. Себу жұмыстарын толық аяқтадық, енді күтіп-баптау жұмыстары жүріп жатыр. Биылғы көктемгі егіс науқанында жеңілдетілген бағадағы жанармайды және тыңайтқышты толық көлемде алдық. Ауыспалы егістікке байланысты биыл жүгеріге басымдық беріп отырмыз, ал келесі жылы қант қызылшасы мен соя егеміз. Биылғы көктемгі ауа райы шаруалар үшін жайлы болды. Енді жақсы өнім күтеміз, оған бар күш-жігерімізді саламыз, - деді «Сәпи» ШҚ жетекшісі Төлепберген Сәпи.

– Біз қант қызылшасын, соя, жүгері өсірумен айналысамыз. Өткен жылы лизинг көмегімен 2 арнайы техника, яғни тракторлар сатып алдық. Көксу қант зауыты қызылша тұқымын уақытында берді. Соның арқасында дер кезінде сеуіп біттік. Мемлекет тарапынан қажетті қолдаулар көрсетілді. Атап айтқанда, тұқымға, тыңайтқышқа, пестицидке 20%-дан 50%-ға дейін субсидия беріледі. Бұл – бізге үлкен көмек, - деді «Насыр» шаруа қожалығының Насыр Каримов.

Жалпы, Жетісу облысында вегетациялық кезеңнің өтуі тұрақты бақылауда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЗАҢ мен ТӘРТІП
Қазақстан үшін

Жетісу облысы Сарқан ауданы бойынша құқық кабинеттерінің мекенжайлары:

↑ Алмалы ауылы, А. Қуанбаев көшесі 6;	↑ Көктерек ауылы, Д. Арын көшесі 17;
↑ Аманжол ауылы, Смағұл көшесі 2;	↑ Лепсі ауылы, М. Төлебаев көшесі 1;
↑ Пограничник ауылы, Қ.Сатбаев көшесі 11;	↑ Черкасск ауылы, Ш. Қойшынбаев көшесі 90А;
↑ Екінаша ауылы, Аманжолов Қабдолда көшесі 74;	↑ Сарқан қаласы, Абая көшесі 75;
↑ Қарабоғет ауылы, Ә. Абайдилов көшесі 28;	↑ Шатырбай ауылы, Ш. Нұтманов көшесі 35;
↑ М. Төлебаев ауылы, Мұқан Төлебаев көшесі 9;	↑ Бақалы ауылы, М. Арын көшесі 9А;
↑ Қойлық ауылы, Бөгенбай Батыр көшесі 13А;	

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Жетісу облысында барлық ауылдық округтерінде төменде көрсетілген мекенжайлар бойынша құқық кабинеттері ашылғандығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар әрбір азаматқа заңдарды өз бетінше зерделеуге және арнайы ақпараттық жүйелер мен деректер базаларына қол жеткізуге мүмкіндік қарастырылған. Бұл құқықтық сауаттылықты арттыруға және қажетті мәліметтерді жедел табуға көмектеседі.

ЗАКОН И ПОРЯДОК
За безопасный Казахстан!

Адреса кабинетов права по Саркандскому району области Жетісу:

↑ село Алмалы, улица А. Куанбаева 6;	↑ село Көктерек, улица Д. Арына 17;
↑ село Аманжол, улица Смагул 2;	↑ село Лепси, улица М. Төлебаева 1;
↑ село Пограничник, улица К.Сатбаева 11;	↑ село Черкасск, улица Ш. Қойшынбаева 90А;
↑ село Екінаша, улица Аманжолов-Қабдолда 74;	↑ город Сарқан, улица Абая 75;
↑ село Қарабогет, улица А.Абайдилована 28;	↑ село Шатырбай, улица Ш. Нұтманова 35;
↑ село М.Төлебаева, улица Мұқан Төлебаев 9;	↑ село Бақалы, улица М. Арына 9А;
↑ село Койлық, улица Бөгенбай Батыра 13А;	

УВАЖАЕМЫЕ ГРАЖДАНЕ!

Сообщаем, что во всех в сельских округах области Жетісу открыты кабинеты права, расположенные по нижеуказанным адресам.

Каждому гражданину предоставляется возможность самостоятельно изучать законы и получать доступ к специальным информационным системам и базам данных. Это поможет вам повысить правовую грамотность и оперативно находить необходимую информацию.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Ағымдағы жылғы наурыз айының 15 күні жалпыреспубликалық референдумда Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 11 бөлім және 96 баптан тұрады және мемлекеттік басқаруды өзгертіп, адам құқықтарын ең жоғарғы құндылық болып саналатын модельге көшуді бекітті.



Негізгі саяси өзгерістердің ішінде: атқарушы билік тармағындағы алқалылықты күшейтетін вице-президенттің жаңа лауазымы енгізілді, Парламент Құрылтайдың мәртебесін бекітіп, оны мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогтың ресми конституциялық институтына айналдырады, Президенттік тармақпен тепе-теңдікті орнату үшін билік өкілеттіктерін Парламенттің пайдасына қайта бөлінетін болды. Жаңартылған Преамбула мен I бөлімде адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде түпкілікті танылды. Құжатқа қазіргі цифрлық және әлеуметтік-экономикалық орта жағдайында азаматтарды қорғаудың жаңа құқықтық тетіктері енгізілген. Мемлекет өзінің бүкіл аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құрылымы принциптерін бекітеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қала береді, бұл ретте мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Өркімнің қандай да бір кемсітудің еңбегі үшін сыйақы алу құқығы қатаң регламенттелген.

Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының қызметкерлері толығымен референдумға қатысып, жаңа Конституцияға дауыс берді. Жаңа Конституция еліміздің қарқын дамуына серпін беретініне көміл сенеміз.

Б.МАЛДЫБАЕВА,

Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басшысы.

Пороги минимальной достаточности отстаивали от роста инфляция и не обеспечивали адекватность будущей пенсии



По ранее действовавшей методике определения порогов минимальной достаточности (ПМД) регулярного роста порогов не было.

Существенное изменение порогов произошло только в декабре 2021 года при утверждении значений ПМД на 2022 год. Тогда

для различных возрастов вкладчиков величины ПМД были повышены в среднем на 70% (в связи с повышением социально-экономических показателей).

В 2023 году ПМД выросли незначительно - в среднем на 5,5% (с учетом изменения социально-экономических параметров).

В течение трех лет (2023-2025 годы) ПМД оставались без изменений, несмотря на повышение минимальной заработной платы и других показателей.

В начале 2026 года ПМД в среднем выросли на 10%.

Экономика страны за этот период прошла через несколько лет повышенной инфляции. По данным Бюро национальной статистики, инфляция по итогам 2021 года составила 8,4%, в 2022 году достигла 20,3%, в 2023 году - 9,8%, в 2024 году - 8,6%, а в 2025 году – 12,3%.

Одновременно росли доходы населения и заработные платы работников. Среднемесячная заработная плата увеличилась с 250,3 тыс. тенге в 2021 году до 364 тыс. тенге в 2023 году, 405 тыс. тенге в 2024 году и превысила 473 тыс. тенге в 2025 году.

Таким образом, с 2022 года пороги минимальной достаточности оставались практически неизменными и не актуализировались, несмотря на рост инфляции, доходов населения и объемов пенсионных накоплений.

Механизм использования пенсионных накоплений на жилье и лечение позволил сотням тысяч граждан решить важные социальные вопросы. Вместе с тем его реализация не должна приводить к снижению уровня их будущей пенсии.

Адекватность порогов минимальной достаточности является важным условием стабильного роста накопительной пенсионной системы. Его назначение заключается в сохранении минимально необходимого объема накоплений, который позволит обеспечить вкладчику пенсионные выплаты в будущем.

После периода наиболее активного использования пенсионных накоплений, связанного со сложной социально-экономической ситуацией (карантинный период и его последствия) накопительная пенсионная система вновь должна функционировать в соответствии со своей основной задачей – обеспечение гражданам достойного уровня пенсии.

Во-первых, объем пенсионных выплат должен превышать объем средств, используемых на иные цели, не связанные с пенсионным обеспечением граждан.

Во-вторых, пенсионные накопления граждан должны расти и увеличиваться за счет взносов и инвестиционного дохода.

Динамичный рост пенсионных накоплений является важным условием обеспечения долгосрочных интересов вкладчиков.

Пресс-центр АО "ЕНПФ".

•101 ескертеді

ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Есіңізде болсын, өртті сөндіруден гөрі оның алдын алу оңайырақ. Сарқан ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі бұған қол жеткізу үшін күнделікті негізгі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігін еске салады. Отпен жұмыс істегенде әрқашан сақ болыңыз. Жанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты қолданбаңыз, төсек-орындарда, шаруашылық сарайларда, қоймаларда және жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шегуге болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін сіріңке сақтайтын қауіпсіз орын табыңыз. Есіңізде болсын: ересектерге еліктейтін балалар көбінесе өрттің кінәлілері болып табылады және көбінесе өрттің құрбаны болады. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыз. Газ және электр тұрмыстық техникасы (үтік, теледидар, магнитофон және т.б.) тұрақты бақылауды және жақсы жағдайды қажет етеді. Арнайы отқа төзімді стендтерге электр үтіктері мен электр шөйнектерін қойыңыз. Өрттің алдын алу үшін оларды қосулы күйінде қараусыз қалдырмаңыз және балалардың оны пайдалануына жол бермеңіз.

Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды пайдаланыңыз. Электрлік панельдерде қолдан жасалған сақтандырғыштарды – «қателерді» пайдалану қауіпті. Баспалдақ алаңдарында, дәліздерде және шатырларда қойма бөлмелерін орналастырмаңыз. Кез келген заттарды, жиһазды немесе басқа жанғыш материалдарды баспалдақтардың астында немесе шатырларда сақтамаңыз. Мұздатылған су құбырларын немесе жылыту жүйелерін жылыту үшін ашық отты пайдаланбаңыз. Осы мақсаттар үшін ыстық суды, буды немесе қыздырылған құмды пайдаланыңыз.

Әділет ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімі аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ

Өрт қауіпті кезеңнің басталуымен өрт жағдайы күрделене түседі. Әдетте, осы кезеңде құрғақ шөпті, қоқысты рұқсатсыз жағу салдарынан, көбінесе орман өрттері пайда болады.

Осы кезеңде ашық отты жағуға және қоқысты өртеуге, сондай-ақ кез келген өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Өткен жылы құрғақ шөпті жағу жер үшін пайдалы, оны күлмен ұрықтандырады деген жалған пікір бар, сондықтан көптеген азаматтар арнайы шөп шабуды ұйымдастырады.

Шын мәнінде, мұның пайдасы жоқ: шөпті жағу кезінде көптеген пайдалы микро-организмдер өледі, ал құрғақ шөпте көрінбейтін жас шөп өліп кетуі мүмкін, сонымен қатар құрғақ шөпте өрт ғимараттарға оңай жетеді. Орман өрттері жанып жатқан шөптен басталады: ағаштар, жануарлар өледі, құстардың ұялары күйіп кетеді.

Ешбір жағдайда жол бермеңіз: құрғақ шөп жағуды; қоқысты бақылаусыз жағу; темекі шегу кезінде абай болыңыз: сөндірілмеген темекі шегу немесе сіріңке құрғақ шөптің жануына оңай әкеледі.

Үйде немесе саяжайда: әрқашан өртті сөндіруге арналған құрал-жабдықтар дайын болуы тиіс: Шелек, күрек, су құйылған бөшке, құм салынған жәшік; құрғақ шөпті тырмамен жинау керек, оны қоқыспен бірге су қоймасының жанында орнатылған темір бөшкеде немесе ғимараттардан алыс жерде өртеуге болады; қатты желден сақ болыңыз.

Қоқысты өртеген кезде, тіпті темір бөшкеде де, ұшқын кездейсоқ ғимараттардың жағына ұшпауы үшін желдің бағытын ескеріңіз.

Табиғатта қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шығу кезінде алдын-ала от жағу орны ғимараттардан алыс және жақын жерде өрт шығуы мүмкін ештеңе болмайтынына көз жеткізу керек. Барбекюді ағаштардың тәждерінің астына және құрғақ инелер мен жапырақтармен жабылған жерге жағуға болмайды.

Е. ҚУАНЫШҰЛЫ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы.

МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ НА ВОДЕ

Купание на водоемах разрешено только на официальных оборудованных пляжах, отвечающих требованиям безопасности.

- оставление детей без присмотра взрослых;

- купание в необорудованных местах;

- несоблюдение мер безопасности на воде.

Но, несмотря на это, каждый год многие люди пренебрегают мерами безопасности и продолжают купаться в необорудованных местах, тем самым подвергая свою жизнь смертельной опасности.

Независимо от вида водоёма необходимо знать и обязательно соблюдать правила поведения и меры безопасности на воде:

1. Нельзя купаться в нетрезвом виде, под воздействием алкоголя люди часто переоценивают свои силы, а также совершают неосторожные поступки в отношении других любителей поплавать, что зачастую приводит к плачевным последствиям.

2. Нельзя кататься на водном транспорте (лодки, гидроциклы, лыжи и т.д.) вблизи места купания людей, так как это может привести к травматизму.

3. Нельзя купаться в запрещенных местах.

4. Категорически запрещается плавать вблизи причалов и пирсов, а также подплывать к судам.

5. Запрещается прыгать в воду в незнакомых местах; проводить игры в воде, связанные с захватом; заплывать за буйки и ограждения.

6. Опасно нырять в местах неизвестной глубины, так как можно удариться головой о песок, глину, сломать себе шейные позвонки, потерять сознание и погибнуть. Не менее опасно прыгать головой в воду с плотов, пристаней и других плавучих сооружений, под водой могут быть сваи, рельсы, камни и пр., нырять можно только там, где имеется достаточная глубина, прозрачная вода, ровное дно.

7. Не оставляйте детей на берегу водоёма без присмотра взрослых, умеющих плавать и оказывать первую помощь.

ОЧС Сарканского района.

МЕНИНГИТ - қауіпті жұқпалы ауру

Менингит – мидың мембранасының және жұлынның қабынуы. Балаларда менингиттің қоздырғыштары бактериялар, вирустар және саңырауқұлақтар болуы мүмкін, олар бассүйек қуысына еніп, осы ауыр ауруды тудырады. Бұл ауруға көбіне 0-ден 6 жасқа дейінгі иммунитеті төмен балалар тез шалдығады, дегенмен менингит егде жастағы балалар мен ересектерде де кездеседі.

Менингит, оны тудырған патогенге сәйкес вирустық, бактериялық немесе саңырауқұлақ; қабыну процесінің сипаты бойынша серозды және іріңді; аурудың ағымына сәйкес жедел және созылмалы болып бөлінеді.

Менингит өздігінен (бастапқы менингит), ол кезде инфекция қан арқылы миға енеді немесе басқа аурудың асқынуы ретінде (екіншілік) пайда болуы мүмкін. Менингит-отит, синусит, паротит, тұмау, ЖРВИ, бас миының жарақаты және т.б. асқынуына айналуы мүмкін. Менингококк бактериясының 12 түрі бар. Олардың 6-уы (А, В,С, W 135,Y, X) адам өміріне өте қауіпті.

Балалардағы менингиттің негізгі белгілері: қатты бас ауруы (белгілі бір жерде емес, бүкіл бас ауырады); менингит кезінде құсу — осы ауруға тән құбылыс; жоғары температура; денеде қара нүктелі бөртпе, ауыр түрінде – ірі дақтар, көгерулер; бір жасқа дейінгі баланың еңбегі көтеріледі (томпайып кетеді); тәбеттің жоғалуы; бұлшықет кернеуі (басты кеудеге еңкейту және тізелерді бүгу мүмкін емес); мойынның шалқаюы. Баланың өңі кірмейді, сұлық жата береді, басы мен мойынын артқа шалқайтып ұстайды; бет сүйектерінің астындағы аймақты басқанда, бала еріксіз иығын көтереді; сананың шатасуы, ұйқышылдық; құрысулар; диарея (бір жасқа дейінгі балаларда); бала түсініксіз жағдайда, тіпті анасы емізгенде де жылай береді («менингит жылауы»); ашуланшақтық, жарыққа, қатты дыбыстарға, денеге тигенде тым сезімталдық

Егер сіздің балаңызда осы белгілердің кез келгені болса, сіз шұғыл медициналық көмекке жүгінуіңіз керек, өйткені менингит тек заманауи медицина жағдайында емделеді.

Педиатр маманы менингитті айқын сыртқы белгілер бойынша, сондай-ақ компьютерлік томография, көз түбін зерттеу, бас сүйегінің рентгенографиясы, электроэнцефалография, жұлын пункциясы арқылы анықтай алады.

Менингиттен жеткіліксіз және уақтылы емделмеген жағдайда балада бас миының ісуі, кома, паралич, бүйрек жеткіліксіздігі және тіпті өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Уақытында басталған сауатты емдеу баланы қалпына келтіруге, ауыр асқынуларды болдырмауға және өмірі мен денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Ауруды дұрыс емдегенде менингит белгілері 3-4 күннен кейін жоғалып кетуі мүмкін, бірақ жұлын сұйықтықтығын қалпына келтіру үшін емдеуді міндетті түрде жалғастыру керек. Балалардағы менингитті емдеу дәрігерлердің қатаң бақылауымен ауруханада жүргізіледі. Балаға антибиотиктер оның жасына және аурудың сатысына сәйкес, сондай-ақ жұлын сұйықтығының нәтижелері бойынша тағайындалады; Шыққаннан кейін бала бір жыл бойы балалар невропатологы мен педиатрда есепте тұруы керек.

Менингиттің алдын алу:

Менингиттің алдын-алудың ең тиімді тәсілі уақытында вакцина салдыру. Жеке гигиена шараларын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану қажет, өйткені бұл иммунитеттің табиғи қорғанысын арттырады. ЖРВИ ортасында адамдар көп жиналатын жерлерде маска кию керек. Вирустық аурулары бар науқаспен кездесуден аулақ болу керек. Егер менингит белгілері болса, дереу дәрігерге қаралу қажет.

А. ЖАРТЫБАЕВА,

Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы,

Дерматомикоздар (дерматофитиялар) адамдар арасында ең көп таралған контагиозды (жұқпалы) саңырауқұлақ ауруларының қатарына жатады. Бұл патологиялардың қоздырғыштары — терінің беткі қабаттары мен шашты ғана зақымдайтын микроскопиялық дерматомицет саңырауқұлақтары (Trichophyton, Microsporum, Epidermophyton). Таралу жолдарын уақтылы бақылау және санитарлық-гигиеналық нормативтерді қатаң сақтау бұл инфекцияның тұрмыста және қоғамдық орындарда таралуын толықтай тоқтатуға мүмкіндік береді.

Инфекцияның берілуінің негізгі жолдары мен факторлары

Инфекцияның көзі — ауру адам немесе жануар. Зақымдалған тері қабыршақтары мен шаш үзінділерінде тіршілікке қабілетті саңырауқұлақ элементтері көп болады. Олар зақымдалған ошақтардан түсіп, қоршаған заттарды ластайды. Эпидемиологияда жұғудың екі негізгі механизмі бөліп көрсетіледі:

1. Тікелей байланыс: инфекция көзімен тікелей жанасу (ауру адаммен қол алысу, науқасты күту, қаңғыбас жануарлармен сипап-сезіну байланысы).

2. Жанама (жанамаланған) байланыс: контаминацияланған (саңырауқұлақпен ластанған) заттарды пайдалану.

Жеке заттар: киім, аяқ киім, тарақ, сүлгі, іш киім және төсек-орын.

Жалпы пайдаланудағы объектілер:

кілемшелер, жұмсақ жиһаз, диван жастықтары, ойыншықтар, есік тұтқалары.

Қауіптілігі жоғары аймақтар: қоғамдық моншалар, сауналар, жүзу бассейндері, спорттық киім ауыстыратын бөлмелер, сондай-ақ құралдарды дезинфекциялау талаптарын елемейтін шаштараздар, маникюр және педикюр салондары.

Клиникалық көрінісі және процестің оқшаулануы

Дерматомикоздар қоздырғыштың денеде орныққан жеріне байланысты әртүрлі көрініс табады:

• Бастың шашты бөлігі: ауру кішкентай жара немесе пустула (іріңдік) түрінде басталып, бірте-бірте дөңгелек ошаққа айналады. Шаш үлгісінде проблемалар басталады: шаш өзектері сынғыш болып, түседі, нәтижесінде айқын тақыр жерлер (таздану) қалады.

• Дененің және қол-аяқтың тегіс терісі: шеттері айқын сызылған, қызғылт немесе қызыл түсті ісінген дақтардың пайда болуымен сипатталады.

• Шап аймағы: бұт пен бөксе аймағына таралуы мүмкін ашық, айқын қызыл дақтардың пайда болуымен қатар жүреді. Процесс қатты қышумен және қабыршақтанумен бірге жүреді.

Құс тұмауы (лат. Grippus avium) – бұл құстардың классикалық обасы, өткір жұқпалы вирустық ауру, ол ас қорыту, тыныс алу органдарын зақымдайды, шамамен 56% өліммен аяқталады. Алғаш рет оған 1878 жылы италиялық ветеринар Эдуардо Перрончито назар аударған. 1901 жылы ғалымдар қоздырғыштың табиғаты вирустық екенін анықтайды. Тек жарты ғасырдан кейін ғана 1955 жылы «құс обасы» – тұмау вирусы екендігі ресми түрде дәлелденеді. Ал 1971 жылы бұл ауру «құс тұмауы» деп аталады.

ҚҰС ТҰМАУЫ

Құс тұмауы індеті қоздырғышы:

H5N1 штамымен тарайтын жұқпалы аурушандық. Ол құстарға соның ішінде кейбір үй құстарына жұғып, оларды күту, етін бөлшектеу кезінде адамға да жұғуы мүмкін. Жабайы құстар, әсіресе суда жүзетін үйрек, қаздар індеттің таралу көзі болып табылады. Үй құстарының ішінде бұл індетке тез шалдығып, індет көзі болатын тауықтар мен күрке тауықтар. Олар тұмауды тез жұқтырып, жаппай қырылып қалады. Құс тұмауының жұқпасы адамдарды қауіпті ауруларға шалдықтырады және өлім-жітім пайызы өте жоғары.

Үй құстарындағы құс тұмауының белгілері: Құстар тәбеті жоғалып, жемнен бас тартады, бұлшық еттерінің жансыздануына, яғни параличке ұшырауына байланысты, қанаттары салбырап, жүргенде шатқаяқтап, сүріне береді. Мойыны салбырап, бастары 180 градусқа бұрылып кетуі де мүмкін, тамағы мен айдары ісініп, мұрындарынан су ағып, түшкіре береді.

Адамдардағы белгілері: Кәдімгі маусымдық тұмауға ұқсас болып келеді, бірақ әлдеқайда ауыр түрде өтеді. Дене қызуы 39- 40 градусқа дейін көтеріліп, жөтел пайда болып, тамағы ауырады, бұлшық еттері қақсайды, мұрыннан су ағып, тыныс алу қиындайды. Адам өміріне қауіпті асқынуларға мыналар жатады: жүрек, бүйрек, өкпенің қабынуы, өкпеге су толып, адамның өлімге ұшырауы.

Жұғу жолдары: Адамдар ауру құстармен қатынас кезінде, яғни, оларды күту, қораны жинау, ауа тамшы арқылы, көздің шырышты қабығына, тыныс алу жолдарына шаң-тозаңның түсуі, құс етін бөлшектеу, мамығы мен жүнін түту, етін өңдеу кезінде жұғуы мүмкін. Жұқпаның адамнан-адамға берілу жағдайлары нақтылы тіркелген жоқ. «Сақтансаң, құдай сақтайды» демекші, әрбір адам қарапайым сақтану шараларын білуі қажет: • Құстардың арасында ауру белгілері байқалған жағдайда, жеделтүрде жергілікті ветеринар қызметкерлеріне, медицина, санитарлық эпидемиологиялық қызмет мамандарына хабарлап, ауырған құсты дереу оқшаулау; • Ауырған құстарды, өлекселерді жедел түрде өртеп немесе терең көміп, тұрған орындарын тазалап, залалсыздандыру шараларын жүргізу; • Тірі құстарды, олардың өнімдерін тасымалдауда, сақтауда, сату-да ветеринариялық-санитариялық ережелерді қатаң сақтау; • Құс етінен, жұмыртқадан тағам даярлағанда толық пісіріп жеу (еттің ішкі температурасы +70градустан кем болмауы керек) • Құс тұмауының белгілері біліне бастаса, дереу дәрігерге қаралу. • Құс еті мен құс өнімдерін, шыққан жері белгісіз көше саудагерлері мен ветеринариялық құжаты жоқ жерлерден алуға мүлде болмайды.

Ветеринариялық іс-шараларына сұрақтарыңыз болса келесі телефон номеріне хабарласуыңызды сұраймыз. Сарқан аудандық ветеринариялық станциясы: 2-18-02.

Дерматомикоздың алдын алу

• Аяқ және қол басының микоздары: алақан, табан беттері және саусақ аралық қатпарлар зақымдалады. Табан терісінде дөңгелек дақтар пайда болады, қатты қышу, қабыршақтану және саусақтардың арасында жарықтар байқалады.

Міндетті алдын алу іс-шараларының кешені

• Тұрмысты жекешелендіру: әрбір отбасы мүшесі жеке гигиена құралдарымен (сүлгілер, тіс щеткалары), өзінің іш киімімен және жеке аяқ киімімен қамтамасыз етілуі тиіс. Өзге біреудің заттарын пайдалануға қатаң тыйым салынады.

• Қоғамдық орындарда қорғану: бассейндерге, сауналарға, моншаларға және жалпы себегі бөлмелеріне барғанда міндетті түрде жабық резеңке төпішке (сланцы) кию қажет.

• Аяқ киім гигиенасы: аяқ киім үнемі таза болуы керек. Микоздардың дамуына бейімділік болған жағдайда (мысалы, шамадан тыс тершендік), аяқ киімнің ішкі бетін бактерияға қарсы және саңырауқұлаққа қарсы құралдармен жүйелі түрде өңдеп тұру қажет.

• Киімді дұрыс тандау: теріде булы әсер тудыратын синтетикалық мате-

риалдардан жасалған киімдерді киуден бас тартыңыз. Табиғи маталарға артықшылық беріледі.

• Ветеринариялық бақылау: қаңғыбас жануарлармен байланысты болдырмаңыз — олар дерматомикоздың қауіпті формаларын (қыстырма теміреткі) жиі тасымалдаушылар болып табылады.

• Жалпы төзімділік: салауатты өмір салтын ұстаныңыз және иммунитетті көтерумен айналысыңыз, бұл ағзаның саңырауқұлақтарға қабылдағыштығын төмендетеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Патологиялық процестің алғашқы белгілері (қабыршақтану, қышу, тән дақтардың пайда болуы) пайда болған кезде дәрігер-дерматологқа дереу қаралу қажет. Дәрігерге бармай тұрып зақымдалған жерлерге йод ерітіндісін немесе басқа антисептиктерді өз бетімен жағу ұсынылмайды — бұл клиникалық көріністі бұзады және дұрыс зертханалық диагностикаға кедергі келтіреді.

Е. ФЕДОСЕЕВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

КЕШЕ және БҮГІН

Өткен ғасырда Жетісу өлкесінде жасаған атақты меценат Маман Қалқабайұлының руханият саласында тындырған тірліктері, дұрысы ерліктері елдің есінде. Оның қазаққа істеген жақсылығын жеті ұрпағы да ұмытпайды.



Қазақ балалары үшін мектеп салуды, алғашқы қазақ романдарына бөйге жариялауды, қазақ басылымдарын қолдауды, алаштың ардақты ұлдарының онша-мұнша шығындарын қабақ шытпастан көтеріп отыруды жәй ғана мырзалық деп ойласаңыз немесе қазіргі бай-бағландарша пиар жасау деп қабылдасаңыз, оңбай қателесесіз. Маман байдың бұл ерліктерінің астарында үлкен рухани сырлар жатыр. Әйтпесе ол дәуірде байлығы Маманнан да асқан жуандар болды. Бірақ, құдіреті шексіз Алла тағала халқына мәңгілік қызмет қылу бақытын оларға емес, Маман байға нәсіп еткенін көрмейсіз бе?! Демек, Маман байдың Құдайға жағар бір қылығының болғаны да.

Бүгінгі байларды еріксіз Маман баймен салыстырсаңыз мемлекеттік деңгейде ойлана алатын бай таппай, қатты сасасыз. Бір күнгі шығындары Маманның өмір бойы жиған-тергенін отыз орап алады, сөйте тұра бойларынан ірілік таппайсыз. Шеттерінен майда қадам. Президентке көрінетін жерде ғана бір қайрат көрсетеді, сосын ізін судың бетіне салып кетеді. Ал, оны дүниеге әкелген, аузы құрттап жүрген жерінен бай жасаған Қазақстан (яғни оның елдегі туған-туыстары деп түсініңіз) қорасындағы көтерем сиырына бір бау шөп тауып бере алмай, уайымның тұңғығына батып кеткен.

Университетте оқып жүргенде сол атақты Маман байдың немересі Ыбырайым Есенғұлұлының алдынан дәріс тыңдадық. Тектілігі көзге ұрып тұратын. Бірнеше рет қала сыртындағы саяжайына да барудың сәті түскен. Біз баламыз, ол - дана. Қанша сөзге сараң болса да, шәй үстінде ептеп жібиді. Бізді баласынбай, одан-бұдан әңгіме айтады. Бір шәйдің үстінде "мен өмірімде арақ дегенді бір-ақ рет ішкенмін" деп сөз бастады. - Байдың тұқымы деп өкімет біздің әулетті қатты қудалады. Әке ұсталып кетті. Біз жан-жаққа шашырап кеттік. Мен оқу қуып, елден шығандап кеттім. Араға бірнеше жыл салып, елге келсем, өзімнен үлкен әпкем тұрмысқа шығып кеткен екен, артынан іздеп бардым. Екі шерлі қыстығып-қыстығып тұрып жылап едік. Обалы нешік, әпкемнің түскен жері қолдарынан келгенше күтті. Сол кездері қазақтың дастарқанына арақ деген бәлекет енді-енді келе бастаған.

Құдалар да ол жаңашылдықтан аттап өте алмады. Арақ қойды, дастарқанға. Бір сөзбен айтқанда, ішіппіз, мас боппыз. Ішіме әбден тыһат түсіп кеткендіктен болар, ішіп алып, әбден жылаппын. Азанда ерте оянып кетіппін. Елдің бәрі қалың ұйқыда екен. Ешкімге білдірмей, құдалардың ауылынан тайып тұрдым. Ұят өртеп барады. "Ойпырмай, мына ел Маманның немересі ішетін болыпты деп сөз қылатын болды-ау" деп өзімді-өзім жеп қоя жаздадым. Содан бері ол шіркінді татып алған емеспін. Сол ең бірінші де, ең соңғы да ішуім болды. Қазақтың балаларысыңдар, осы бәледен аулақ болыңдар, - деп сөзін аяқтап еді.

Тағы бір әңгіменің ығыты келгенде атасының Орынбордан шығып тұрған "Қазақ" газетін қалай қаржыландырғанын айтып қалып, өзін тез тия қойып еді. "Газеттің шығынын көтеру үшін атамыз дүркін-дүркін жылқы сатып тұрады екен" деді де басқа әңгімеге көшіп кеткен. Сол әңгіме де есте қалып қойыпты.

Бай қазір де көп. Тендермен байып, Дубайдан қонақүйлер салып тастаған сол ағайындарымыздың алдына "газетімізді қолдап жіберсеңіз..." деп әредік-әредік біз де барамыз. Мұндай сәтте ағайынның қабағы үйін-түйін болады. "Сендер мемлекеттік газет емессіңдер ме, сендерді мем-



лекет қаржыландырмай ма?" деп өзінің бұл саладан хабардар екендігін ишаралап үлгереді. Ал, біз "мемлекеттен бір жылға алатын ақшаның" баспахананың бір жылдық шығынына да жетпейтінін, оның сыртында басқа да түрлі шығындардың болатынын әлгі құлықсыз байға айтқымыз келмейді. Айтсаң мемлекетіңді жығып бергендей боласың. Сосын малын сатып, ақшасын газеттің шығынына құйып жүрген Маман бай туралы ойлана бастайсың. Біздің Үкімет газеттің шығынын ауырсынып, аудандық газеттерді жекеге сатып жіберді. Сонда Маман бай мемлекетшіл ме, жоқ, бүгінгі қазақ үкіметі мемлекетшіл ме? Оқығандардың қатарына қазақ романдарына бөйге жариялап жүрген Маман байды жатқызамыз ба, жоқ, "жаңалықтарды интернеттен-ақ оқып аламын" деп қазақша газет-журнал, кітап парақтап көрмеген бүгінгі байларды жатқызамыз ба?

Өмір бойы жаман бай болғанша, ұлтыңның руханияты үшін бір рет Маман бай болуға тырыссаңдаршы, ағайын!

Абай БАЛАЖАН.

«Сайын Мұратбеков – 90»



Үзінді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту басты назарға алынды. Осыған орай білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту қоғамның негізгі міндеті болып табылады. Биыл туғанына 90 жыл толып отырған қазақ әдебиетінің классик жазушысы, жерлесіміз Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» повесі жастардың іздеп жүріп оқитын шығармасы боларына сенеміз.

... Жаз ортасы. Аңызак жел ұйтқи соққан ыстық күндердің бірінде біздің ауылға тағы бір қаралы қағаз келді. Бұл жолғы қаралы қағаз ешкімнің үйінен зарлы жоқтау айтатын дауыс шығарған жоқ. Бұл жолғы қаралы қағаз, көшеде ойнап жүрген балалардың ең соңында, белі бос штанының ауын бір қолымен көтере ұстап, сол аяғы көлденеңінен солтақтай жүгірген күйде:

«Ей, тоқтандаршы, мен сендерге кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деп жалына дауыстай жүгірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты. Онан соң ойнап жүрген балалардың жанына кеп, әдетінше алыс-жұлысты сырттай қарап, қызықтап тұрды. Тек балалар үйді-үйіне тараған кезде ғана ол ауылдың шетіндегі ат қораға барып кірді. Соңынан мен де бардым.

Сары су іркілген ат қораның іші тұншығардай қапас, тымырсық еді.

Тастай қараңғы. Төбесіне ұя салған торғайлардың, олардың шырылдаған қызыл шақа балапандарының үні құлақты тұндырады. Құжынаған шыбындардың ызыңы бір басқа. Қараңғылыққа көзім үйренгенше, есік алдында тұрдым да, онан соң қабырғаны жағалап, түкпірге қарай жүре бастадым. Аяқ асты сазданып, басқан сайын шұрқ-шұрқ етеді. Түкпірге де жеттім. Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып, солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сұртті де қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті.

Маған қарады да өз-өзінен жымыып күлді.

– Күн ыстық, ә, – деді сосын.

Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозы-лақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыпыра балалар осы арада екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде шеттеу тұрған Есікбай сыбырлап қана:

– Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, – деді.

Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта береді. Ал кемпірі кеп Аянның бетінен сүйді, көзіне жас алды.

– Қарағым, жолың болсын, – деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең де аман бол. Адам болсаң тауып келерсің әлі...

Бапай да кеп Аянның бетінен сүйді.

– Аман-есен барып орналасқан соң хат жаз, – деп қойды.

– Алатын адам болмай тұр, мына қоңыр сиырды дереу сатып ақшасын қалтаңа салып берер ем. Кейін қолым тисе, базарға айдап барып сатып, ақшасын салып жіберем ғой...

– Е, қойшы әрі, сен де осы, не болса соны айтпай. Сатқаны несі. Ертең ер жетіп келе қалғанда мал керек емес пе Аянға... – деп киіп кетті осы тұста кемпірі. – Қарағым, бұ алжыған атаңның сөзін тыңдама. Әлі өзің кейін үлкен жігіт боп келгеніңде, қоңыр сиырыңды өсімімен қолыңа тапсырамын...

Аян балалардың бөрімен қол алысып қоштасты.

– Мен әлі бәріңе хат жазып тұрамын, – деді күлімсіреп. Есікбай арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды.

Есікбай арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексиіп ұзақ тұрды. Қайта келгенінде өте көңілсіз еді. Садық ойнайық деп еді, ол:

– Менің басым ауырып тұр, – деп үйіне кетті.

Сол сәтте бөріміздің де ойынға еш зауқымыз жоқ, көңілсіз едік. Көз ұшында бұлдырап арба кетіп барады. Қара жолдың шаңын бұрқылдатып барады. Аян бас киімін алып бізге бұлғап қояды...

Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік.

Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аянның ертегілерінің көңілімізде ұялағаны сонша, кейін ер жеткен кездерімізде өзімізден кіші балаларды тамсандыра отырып айтатынбыз. Тіпті күні бүгінге дейін, сонан бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда бөрікше шошайған Ешкіөлмес шоқысының астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай, соның қорқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алысатын жетім бала қайда екен деймін, сол сәт. Жазға салым Жусандытөбе жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы Аян түседі.

Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса,

Жусанды төбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой оның...

САДЫҚ БЕК

Академик Серік Қирабаевтың естелігінен:

«Қазақ әдебиеті» дейтін газет бізде алғашқы Жазушылар съезінің (1934) қарсаңында шықты да, соғыс кезінде жабылып қалып, 1955 жылдың басында қайта ашылды. Алғашқы редакторы Сырбай Мәуленов болды. Оның коммунистік цензураның талаптарын дұрыс атқармай, түсіп қалғаны көпке белгілі. Содан кейін газетке редактор құтаймады. Ісләм Жарылғапов, Әбен Сатыбалдиев, Зейнолла Қабдолов, Жұмағали Саин, Әбділда Тәжібаев, Жұмағали Ысмағұлов, Әзілхан Нұршайықов, Қапан Сатыбалдин, тағы басқалар редактор болды. Бәрі де ұзақ істей алмай кетіп жатты. Сол жағдайды есіне ұстап жүретін Садықбек Қапан орнынан түскен күні келіп, өлеңмен көңіл айтыпты:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Союздан шыққан шұбар күн.
Шұнаңдап барып батқан күн.
Қапанды тәңірім атқан күн.
Сыртта боз машина боздаған,
Іште достары қолын созбаған.
О сұмдық-ай, неткен күн!
Қапаннан абырой кеткен күн.
Жылама, Қапан, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Мына опасыз кабинет
Талайдың басын жалмаған.
Мауыты жамылған мына стол
Кімдерден кейін қалмаған.
Сау күнінде қызметкеріне

ақырып,

Мас күнінде ақ арақты
Сырлы ожаумен сапырып.
Дүрілдеп Сырбай өткен жер.
Күндіз-түні ойланып,
Көзілдірігінің ұшын соратын.
Келген-кеткен кісінің
Ісін аңдып тұратын
Ісләм көкем кеткен жер.
Үлкендердің бал бармағын

жалаған.

Кішілерге кіндігінен төмен қарай
қараған,

Әбен тәтем өткен жер.
Үлкендерге иіліп,
Кішілерге түйіліп,
Оң жағына жымыып,
Сол жағына қылмиып,
Зейнолла досым өткен жер.
Еш пендені кешпестен,
Тақиясын шешпестен
Жұмекем марқұм кеткен жер.
Төбеге шаншып таяғын,
Сылти басып аяғын,
Арыстандай ақырып,
Әруағын шақырып,
Әбекем өзі өткен жер.
Үлкендерге жағынып,
Қаясынан қағынып,
Кіші Жұмаш кеткен жер.
Газет пен журнал арасы
Айқасқанда шаң болған.
Шодырайып шекесі,
Омырауы қан болған.
Арманына жете алмай,
Жайықтан әрі өте алмай,
Нұршайықов өткен жер.
Қамықпа, Қапан, қамықпа!
Бір жақының үлкейсе,

Осы ұрпақтың кішіпейіл, бауырмал, жаны таза азаматының бірі – Садықбек Адамбеков еді. Әуелде ақын боп өлеңдер жинағын шығарған Садықбек кешікпей өзінің шын жолын тауып, сатираға ауысты. Тілі удай, айтқанын кесіп түсетін, әзіл-қалжыңға шебер талант еді. Одақ маңында «Садықбек айтты» дейтін өлеңдер де көп болатын. Олардың көбі қазір ауызша тарап, әртүрлі нұсқада айтылып жүр.

Мен кезінде Садықбектің өз аузынан естіп жазып алып едім. Онымен көрші тұрдық, кездесіп әңгімелесіп, күлісіп жүретін кездеріміз аз болмайтын. Сондай өлеңдердің бірекеуін келтірейін.

Шығарсың әлі-ақ жарыққа...

Қапан марқұм әзілді түсінбей, «мені, мазақ қылды, сотқа берем Садықбекті» – деп біраз тулап барып басылғанын естідік. Өлең бәрібір елге тарап кетті.

Садықбекте мұндай өлеңдер көп болатын. 80-жылдардың бас кезінде Садықбектің құрбылары алпысқа толып, мерейтойларын өткізіп, үкіметтен марапат көріп жатты. Сырбай мен Сафуан орден алды. Алдында Жұбанның өзі де орден алған.

– Мені қайтер екен деп ойланып жүрдім де, Жұбанға бардым, – дейді Садықбек. – Жұбан: «Ой, қазіргі жалғыз қалған досым, Садықбек, сені ұмытпаймын ғой, бірдеме жасармыз» – деп алдаусыратып шығарып салды. Бір күні Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі президиумының грамотасымен марапатталған указ шықты. Соның артынша грамотаны алуға Жоғарғы кеңеске шақырды. Бармауға ыңғайсызданып, барып алдым. Іштей оған риза емеспін. Не де болса, Жұбанға барып, грамотасын өзіне беріп кетейін деп одаққа соқтым. Бара жатқанда ойыма бір өлең жолдары түсіп, жазып алайын десем, қағаз болмай, грамотаның сыртына жаздым:

Сафуанға орден тапсырып,
Маған мақтау қағаз жапсырып,
«Жалғыз қалған досым» деп
Құшақтайсың қапсырып.
Кешегі өткен заманда,
Сырбай-лапша аманда.
Айлы жаздың кешінде,
Алаботаның ішінде,
Құсығынды итке жалатпай,
Өзіңді шпанаға талатпай
Басыңды күзетіп отырған досыңа,
Көрсеткенің осы ма?..

Келсем, Жұбан жоқ екен, Розаға (қабылдауында отыратын келіншек) тастап кеттім...

Садықбек:

– Жұбаннан хабар болмады, – деп жалғастырады әңгімесін. Алпысқа толған соң зейнетақы алайын деп, соған құжаттарымды жинастырсам, Жоғарғы кеңестің грамотасы бар адамға арнаулы зейнетақы тағайындайды екен. Енді грамота керек болды. Алайын деп Жұбанға барсам, Жұбан маңына отырғызбайды. «Иттің баласы, өкіметтің наградасын күлкі етіп, сыртына өлең жазасың, мен сені сотқа берем» – деп тепсінеді. Жалынып-

жалпайып, ала алмай кеттім. Содан, жазған құлда шаршау бар ма, он шақты шөлмек сыра алып (Жұбан арақты қойып сыра ішіп жүрген) үйіне барып, зорға сұрап алдым...

Осының бәрі шындық. Жас кездерінде бәрі қосылып ішіп, дәурен сүрген.

Садықбектің тағы бір әңгімесі бар.

«Қазақ әдебиеті» газетінде істеймін. Сырбай – редактор, Жұбан – оның орынбасары. Шымкентке командировкаға баратын болдым. Сырбай шақырып алды да, «Командировкаға тиісті ақшанды алған соң маған соқ» – деді. Соқсам, Тахауи келіп отыр екен. Мен барған соң Жұбанды шақырып алды.

– Ал, енді, – деді Сырбай. – Мына Садықбек Шымкентке кетіп барады. Осының жолын жумаймыз ба?

Бәрі «мақұл» десті. Үшеуін ертіп, төртеу болып, Алматы – 2 вокзалының ресторанына тартып кеттік. «Қалада көзге түсіп қаламыз» деп, Сырбай ылғи сонда апаратын. Төртеуіміз отырып іштік, тамақ жедік. Сыртқа шыққан соң Сырбай менің екі қолымды Жұбан мен Тахауиге ұстатып тұрып, қалтамда қалған ақшамды тартып алды.

– Бұл өз ауылына барады, бұған ақшаның керегі жоқ, – дейді.

Олар кетіп қалды. Мен жалғыз вокзал басында тұрмын. Поезд жүруге бір сағаттай уақыт бар. Ойыма бір қулық түсе қалды. Дереу такси ұстап алдым да, Жұбанның үйіне келдім. Шешесі үйінде екен. «Апа-лап» амандасып жатырмын.

– Садықбекжан, не қып жүрсің, таксилетіп, – дейді апам.

– Ой, апа, қиын болды. Қысылып келдім. Жұбан алған гонарарларынан партиялық жарна төлемеді деп, Жазушылар одағының партия ұйымы қысып жатыр. Жұбан қысылып маған «апама барып келші, несі бар екен» деп жіберді, – дедім. – Апам бұрын колхоз басқарған, партия мүшесі ғой, бірден түсінді. Қалтасына қол салып:

– Қанша? – деді.

– Екі жүз сом болса болады.

– Ой, оған жетпейді. Жүз елу сом ғана ғана бар.

– Болады, апа, қалғанын өзім толықтырып жіберермін.

– Осылай ол үйден жүз елу сом алып, Сырбайдың үйіне бардым. Күлжамал да үрпие қарсы алды.



– Не ғып жүрсің?

– Сенің күйеуің жұмсап жіберді. Үйден ақша әкел, туфли алам деп, өзі магазинде кезекте тұр.

– Қой, соқпа, Сырбай дүкенге бармайды.

– Бармаса, мені неге жібереді? Аяғын өкшесінен басып жүргенін білесің. Жолшыбай бір жақсы туфли сатып жатқанын көріп қызығып кетті. Бәріміз де ұнаттық, – дедім. «Бол, бол, такси күтіп тұр» – деп асықтырып қоям. Одан да сұрағанымды алып Тахауидің үйіне бардым. Тахауидың енесі татарша шүлдірлеп:

– Бұл қазақтар алдайды, өтірік айтады, Тахауи жұмсамайды, – деп жуытпайды.

Оның сөзін тыңдамай, Гүлшараны алдап, одан да ақша алып вокзалға келдім. Поезд жүруге он минут қалған екен. Вокзал басында Нұтфолла Шәкенов кездесті. Ол да ішіп жүретін жігіт.

– Әй, Нұткен, саған мен бір жарты берейін. Менің айтқанымды істейсің бе? – деймін.

– Жарайды, жарайды, – дейді Нұтфолла жылпылдап.

– Істесең былай, – деп болған оқиғаны түгел айттым да, осыны одаққа барып тарат деп, бір жартының ақысын беріп, поезға мініп кеттім...

– Арты не болды, – деп сұраймын Садықбектен.

– Сол күні шаршап барып жатып қалыпты да, Жұбан таңертең тұрған соң шешесі шай үстінде:

– Қарағым, кешегі шаруаң не болды? – деп сұрапты.

– Не шаруа? – дейді басы ауырып отырған Жұбан әңгімеге зауқы соқпай.

– Кеше Садықбекжан бәрін айтты ғой. Садықбекжан адам ғой, жетпей қалғанын өзім төлеймін деді ғой, – дейді анасы.

Жұбан іштей түсінеді де, үндемей тұрып кетеді. Содан Сырбай мен Тахауиға телефон соғады. Үшеуі де алданғанын біледі. «Енді оны мойындамайық» деп уәделеседі. Содан бері мойындамаған болып жүр. Мен кегімді қайтардым, – деп күледі Садықбек.

**С. Қирабаев,
«Өмір тағылымдары».
Естеліктер. – Алматы: «Білім»,
2006. – 134-138 б.б.**

Жетісудың жауһары, қазақ даласының көгілдір айнасы саналатын Балқаш көлі кейінгі жылдары түрленіп келеді. Табиғаты тамсандырғанымен инфрақұрылымы көңіл көншітпейтін жағалау бүгінде адам танымастай өзгерген. Көлге бастар жол жаңарып, инженерлік желілер тартылды. Ең бастысы, мұның бәрі нақты жоспар мен мемлекеттік бақылаудың негізінде жүзеге асып жатыр.

БАЛҚАШТЫҢ БАҒЫ ЖАНҒАН ШАҚ

Бұрын Балқашқа жету машақаты көп болатын. Шұрық-тесік жол, қатынастың қо лайсыздығы, инфрақұрылымның әлсіз дігі талай адамның көңілін суытқаны белгілі. Қазір жағдай мүлде басқа. Былтыр көлге апаратын 137 шақырым жол толықтай қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді.

Жолдың сапасы жақсарған соң, Балқашқа ағылатын туристер саны да көбейді. Әсіресе Алматы мен Жетісу өңірінің тұрғындарының көлге жетуі бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдей түсті.

Көпшілік Балқашты кейінгі жылдары Алакөлмен салыстыра бастады. Бірақ Балқаштың өзіндік артықшылығы бар. Ол – жақындығы мен қолжетімділігі. Табиғаты тұмса, ауасы таза, суы ерекше көлдің жағалауына отбасымен келіп демалушылар саны миллионнан асады. Әсіресе жаз айларында жағалаудағы қозғалыс ерекше қызады. Алматылық демалушы Ерлан Нұрсейітовтің айтуынша, кейінгі екі-үш жылда Балқаш мүлде өзгерген.

«Бұрын жолдың қиындығынан балаларды алып келуге қорқатынбыз. Қазір тақтайдай тегіс жолмен бірнеше сағатта жетіп келеміз. Жағалауда тазалық бар, жағдай жасалып жатыр. Балқаштың аурасы ерекше. Кешкі самалының өзі адамды тынықтырады. Алдағы уақытта бұл жер еліміздегі ең танымал демалыс орындарының біріне айналатынына сенемін», дейді ол.

Шынында да, көл жағалауындағы өзгерістерді тек жолмен шектеуге болмайды. Лепсі стансасында жаңа темір жол вокзалы салынып жатыр. Биыл оның құрылысы толық аяқталады деп жоспарланған. Бұл теміржол арқылы келетін туристер легін көбейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар өткен жылы Лепсі ауылынан Балқаш көліне дейін

электр, ауызсу желілері тартылған. Қазіргі таңда инженерлік-коммуникациялық жүйелердің құрылысы аяқталуға жақын. Демек, жағалауда жаңа қонақүйлер, демалыс аймақтары мен туристік нысандар салуға барлық мүмкіндік жасалып отыр.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың айтуынша, облыстың туристік тұрғыда да муындағы басым бес бағыттың бірі – Балқаш көлі. Кейінгі жылдары көл жағалауын дамытуға қатысты ауқымды жұмыс қолға алынып, нәтижесі де көріне бастаған.

«Балқаш көлінің жағалауында коммуналдық жағажайлар салынып жатыр.

Бірінші жағажай биылғы суға түсу маусымында пайдалануға беріледі. Екінші жағажай тамыз айында аяқталуға тиіс.

Үшінші жағажайдың құрылысы да қолға алынып, келесі жылы іске қосылады.

Сонымен қатар жағалаудағы коммерциялық мақсаттағы жер учаскелерін аукцион арқылы инвесторларға беру басталды. Біздің міндет – жағалауды абаттандыру, демалыс аймақтарын көбейту, жеке инвестиция тарту», дейді Б.Исабаев.

Бұл жерде ең маңызды мәселенің бірі – заңдылық пен тәртіптің сақталуы. Бұрын Балқаш жағалауындағы біраз жер телімдері заңсыз беріліп кеткені анықталды. Су қорғау аймағындағы 12 га жердің жекенің иелігіне өтіп кеткені қоғамды алаңдатқан еді. Алайда мемлекет бұл мәселеге көз жұма қараған жоқ. Тиісті тексерулер жүргізіліп, заңсыз берілген 24 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл – қарапайым халықтың мүддесін қорғауға бағытталған маңызды шешім. Себебі көл жағалауы – біреудің жеке байлығы емес, халықтың

ортақ қазынасы. Табиғатқа бейжай қарап, заңды белден басып, жерді бей-берекет пайдалануға жол берілмеуі керек.

Германиядан келген турист Мартин Хоффманның айтуынша, Балқаш тек жазғы демалыс орны болып қалмай, жыл он екі ай турист қабылдайтын халық ара-лық деңгейдегі курортқа айналуға тиіс.

«Мен әлемнің көптеген көлдерін ара-ладым. Бірақ Балқаштың табиғаты ерекше әсер қалдырды. Мұндағы тыныштық, кеңдік, табиғи атмосфера адамды бірден баурап алады. Ең бастысы – көлге баратын жолдың жақсы жасалғаны қуантты. Бұрын мұндай жерлерге жету қиын болса, қазір қолайлы жағдай қалыптасып келеді. Енді осы әлеуетті толық пайдалану керек. Балқаш жағалауында заманауи қонақүйлер, экологиялық демалыс аймақтары, отбасылық курорттар, спорт, сауықтыру орталықтары көптеп салынса, бұл жерге шетелден келетін туристер саны бірнеше есе артар еді», дейді ол.

Қазір мемлекет жағалаудағы жерлерді кәсіп ашып, туризмді дамытамын, халыққа жағдай жасаймын деген аза маттарға заң аясында, ашық түрде ұсынуға ниетті. Яғни жер телімдері аукцион арқылы беріліп, нақты жұмыс істейтін, жағалауды көр кейтетін инвесторларға мүмкіндік жасалады. Бұл – әділетті әрі тиімді қадам.

Өйткені Балқаштың болашағы – тек табиғатында емес, оны ұқыпты игере білуде.

Егер жағалау заңсыз қоршалып, ретсіз құрылысқа толып кетсе, көлдің көркі де, экожүйесі де бұзылады. Сондықтан мемлекет бүгінде табиғатты қорғау мен туризмді дамытуды қатар алып жүруге күш салып отыр.

Оған қоса жағалаудың тазалығына да ерекше көңіл

бөлініп келеді. Осы мақсатта «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылып, оған арнайы техника сатып алынған. Бұл көл жағалауын күтіп ұстауға, туристерге жайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туризм дамыса, жол бойындағы қызмет түрлері көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, шағын кәсіпкерлік жанданады. Ең бастысы – халықтың туған жерге деген жанашырлығы артады.

«Көптеген танымал курорттар шамадан тыс құрылыс салудың кесірінен өзінің табиғи сұлулығын жоғалтып алған. Балқашта табиғилық әлі бар. Сондықтан мұнда құрылыс жүргізгенде экологияға басымдық беру өте маңызды. Егер көл жағалауы дұрыс жоспарланып, халық-аралық стандарттарға сай дамытылса,

Балқаш Орталық Азиядағы ең тартымды туристік орталықтардың біріне айналады.

Мұнда тек жазда емес, қыста да адамдар келетіндей мүмкіндік жасау керек. Қысқы балық аулау, этнотуризм, сауықтыру турлары, табиғат аясындағы демалыс бағыттары дамыса, туристер ағыны ешқашан тоқтамайды», дейді саяхатшы Игорь Потап.

Көл жағасында күн батар шақтағы көрініс ерекше. Көкжиекпен астасқан көгілдір су, баяу соққан самал жел, алыстан естілген шағаланың үні – мұның бәрі адам жанына тыныштық сыйлайды.

Балқаш көлі бабында. Жолы жаңарған, жағалауы жанданған, заңсыздыққа тосқауыл қойылған көлдің келешегіне сенім мол. Ертеңгі күні Балқаш тек Жетісудың ғана емес, тұтас еліміздің мақтанышына айналары анық.



Малдың саулығын қадағалап, түрлі аурудың алдын алу – ветеринар маманның басты міндетінің бірі. Ветеринар мамандығы сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен білім мен біліктілікті, төзім мен жанашырлықты, жауапкершілікті талап етеді. Осындай жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген білікті маманның бірі – ветеринар дәрігер Айбат АЛПЫСБАЕВ.

СӨЗІНЕ БЕРІК, ІСІНЕ АДАЛ

Қарабөгет ауылында дүниеге келген кейіпкеріміз бала кезінен-ақ жан-жануарларға қамқорлық танытқанды жақсы көретін. Мектеп қабырғасында болашақ мамандығын таңдауға нық шешім қабылдаған ол саналы түрде ветеринария саласына атбасын бұрады. Білікті маман Талдықорған агротехникалық колледжіне түсіп, 2016 жылы «Ветеринария» мамандығы бойынша оқуын аяқтайды. Жас маман еңбек жолын қазақтың берекеді қара шаңырағы саналған алтын ұясы – ауылдан бастайды.

Бүгінде Айбат Алпысбаев Бақалы ауылдық округіне қарасты бірнеше елді мекеннің мал шаруашылығына қызмет көрсетеді. 11 жыл осы саланың қыр-сырын терең меңгерген ол алғашқы 3 жылда ветеринар дәрігер, кейін ветеринариялық пункттің меңгерушісі болады. Оның күнделікті жұмысы жануарлардың ауруларын анықтап, емдеу және алдын алу жұмыстарымен айналысып, вакцинациялау мен ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін бақылаудан басталады. Мал дәрігері белгіленген жұмыс кестесімен, уақытпен санаспай еңбек етеді. Шаруалардан қоңырау түсе қалса күн-түн демей, ауа райының қолайсыздығына қарамай, шақыртуларға шығуға, жүздеген, мыңдаған қашықтықта жатқан шалғайдағы қыстау мен жайлауға баруға

тура келеді. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін қызметті мінсіз атқарып жүрген Айбат Омарғазыұлы үшін жұмыстың ауырлығы емес, көптің алғысы маңызды.

– Мал – ауыл тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі ғой. Сондықтан біз де бар күш-жігерімізді арнап, жұмыс істеуге тырысамыз. Жалпы, ветеринар болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бізге әр жануардың денсаулығы маңызды. Өз жұмысымды жақсы көргендіктен халыққа пайдам тисе екен деп шапқылаймын. Есесіне елдің алғысын алып жүрмін, – дейді маман.

Әріптестері мен ауыл тұрғындары оның кәсібилігі мен еңбекқорлығын жоғары бағалайды. Білікті маманның арқасында көптеген шаруашылықта мал ауруларының алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– Айбат – өз ісінің нағыз маманы. Әрдайым көмек қолын созуға дайын. Біз, ауыл тұрғындары, оның еңбегіне ризамыз. Бұл азамат жұмыс уақытысы аяқталса да, демалыс күндерінде де ешқашан телефонын сөндірмейді. Тәуліктің қай мезгілі болса да, ауа райына немесе қашықтыққа қарамастан, жануарларға көмек көрсету үшін жолға шығады. Өткен жылы туған ауылы «Қарабөгетке қайтсам» деген ойын жеткізді. Алайда ауыл тұрғындары бірігіп, ешқайда жібермейтінімізді айтып, қалуға көндірдік. Бүгінде мұндай білікті мамандарды табу оңай емес. Ең бастысы –

жұмыс істейтін мамандарға жағдай жасау керек. Жауапты мекеме ұжымға арналған жеке ғимараттың жұмысын толық аяқтап берсе болды. Біз ауылдастар жылып, осы мәселенің мәнісін шешуге тырыстық. Бірақ ғимарат тікелей мемлекеттің қарауында болғандықтан ештеңе істей алмай отырмыз. Берілген құр уәдеге тойдық. Ауылымызда алақандай ғана нысанның қаңырап тұрғаны бізге сын. Осы мәселеміз шешілсе нұр үстіне нұр болатын еді, – дейді Бақалы ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қозы Бекбатыров.

Ауылдастардың осындай ыстық ықыласы мен сенімі ерінбей еңбек еткен маманның ісіне берілген ең жоғары баға емес пе?! Қызметіне адалдық танытқан Айбат Омарғазыұлы адал еңбегі үшін аудандық және облыстық деңгейде бірнеше мәрте Алғыс хатпен де марапатталған. Бірақ ауылдастардың осынау бірауыз ақ тілегі біздің кейіпкеріміз үшін барлық марапаттан да құнды.

Қазіргі уақытта ветеринариялық пунктте 4 маман еңбек етеді. Олар – ветеринар дәрігер, ветеринариялық фельдшер және екі оператор. Ұжым Бақалы ауылдық округіне қарасты Бақалы, Тасқұдық ауылдары мен шағын бөлімшеге қызмет көрсетеді. 2023 жылы қызметтік автокөлік беріліп, қажетті вакциналармен, дәрілік препараттармен және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Алайда ұжым ауыл әкімдігінің аядай ғана бір бөлмесінде отырып жұмыс істеуге мәжбүр. Ал Бақалы ауылында заманауи блокты-модульдік ветеринариялық пункт салынып, есігі «тарс» жабылған күйде тұр. Ауыл азаматтары жауапты мамандарға хабарласқан. Олардан «2 апта шыдаңыздар, ғимаратты толық жасап береміз» деген хабар алғалы 2 айдан асқан. Бірақ баяғы жартас сол жартас...

Облыстық ветеринария басқармасына хабарласып, ауыл халқының ұсынысын жеткіздік. Жауапты сала мамандары «жақын арада ұжымды жаңа ғимаратқа орналастырамыз» деп уәделерін де берді.

– Пунктті орнату толық аяқталған. Тек құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Нысанды маусым айының соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Өйткені осы кезеңде су және электр жүйелеріне қосу жұмыстары аяқталады. Жаңа ветеринариялық пункт іске қосылғаннан кейін халыққа көрсетілетін ветеринариялық қызметтердің қолжетімділігі артып, профилактикалық және індетке қарсы іс-шараларды жедел жүргізу мүмкіндік туады, – дейді облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Дархан Әбілбаев.

ТҮЙІН: Бізде бір мәселе шешілуі үшін «ертең» деген таудай уәде үйіп-төгіліп берілуі керек. Бірақ «ертең» деп жүріп бірнеше күннің, айдың өтіп кететіні тағы бар. Бірлігі мен берекесі жарасқан ауылдағы ағайын осы ғимаратты тез арада пайдалануға беріп, жұмыс істеймін деген мамандарға жағдай жасалғанын ғана талап етеді. Ағайынның уәжі өте орынды. 2025 жылдың соңында орналастырылған пункттің жыры араға жарты жыл салса да бітпегеніне жұрт наразы. Ал әзірге Айбат Алпысбаев пен оның әріптестері «ғимаратымыз дайын емес» деп қол қусырып құр отырған жоқ. Олар ветеринарияның жай ғана мамандық емес, нағыз өмірлік миссия екенін күнделікті ақ, адал еңбектерімен дәлелдеп жүр.

Еңлік КЕНЕБАЙ.
Бақалы ауылы.

СЕКРЕТЫ ДОЛГОЛЕТИЯ

В современном мире человек естественно подвержен влиянию естественной среды где он проживает, мир динамично развивается. Данная эпоха – эпоха улучшения материально технической сторона жизни человека-машины, механизация, компьютеризация и т.д. Человек ведет малоподвижный образ жизни при этом хорошо питается. мало работает физически и каллории т.е питательные вещества которые поступают с пищей не затрачивается отлагается в виде жиров. Человек полнеет, человек должен работать на дому, на улице. Работать должен весь организм. Труд это естественное состояние человека, труд не изнашивает человеческий организм. Без труда человек не получает необходимых стимулов для отправления жизненных функций, теряет способность к продолжительной жизни. Если вам повезло правильно выбрать профессию, вы, конечно же достигнув пенсионного возраста, не бросите свою работу ЕСЛИ работа не подудше то надо поменять профессию. Обычно принято считать что пожилым людям трудно осваивать новое но это не так легко. Освоение нового –это предпосылка к творчеству, которая дает возможность вскрыть духовных резервов

Секреты долголетия. Какие же в настоящее время существуют средства для достижения активного долголетия? Секреты долголетия №1 ЗОЖ – здоровый образ жизни - это важный секрет долголетия является здоровый образ жизни. Секрет №2- это гериатрические средства -это не медикаменты. Результатом действия возможные молекулярные и физиологические сдвиги которые повышают способность тканей к самообновлению, усиливается жизненность организма в целом

Наиболее широкое распространение среди гериатрических средств являются витамины Учеными доказано что пожилые люди с витаминной недостаточностью в первую очередь у них наблюдается дефицит витамина А.С.В1.В2.РР. Причиной

витаминой недостаточности является нарушение функции пищеварительной системы и обмена витаминов. В результате снижается работоспособность, растраивается сон и т.д. Применение комплекса витаминов улучшает обменные процессы и функции сердечнососудистой системы и дыхательной системы. Например вит С уменьшает побочные действия лекарственных средств, повышает сопротивляемость организма в инфекции. Вит В1 предохраняет от переутомления нервной системы ВИТ В6 участвует в созревании кровяных клеток в костном мозге ВИТ Е помогает предотвратить многих заболеваний в пожилом возрасте –атеросклероз, болезни сердца тромбозов ишемии сосудов сердца, мигрени. Вит А и С Кгериатрическое средство используется ряд гармонов. С их помощью увеличить продолжительность жизни клеток в организме. Однако следует помнить что гармональное хозяйство каждого человека индивидуально. Поэтому использование гармонов четко согласовано с состоянием организма К тому же гармоны обладающие наиболее сильным эффектом воздействия - гидрокортизон и преднизолон - тормозят иммунологические реакции А иммунитет является одним из важных защитных сил организма Т.О использовать гармоны надо с большой осторожностью и конечно только по назначению врача.

ЕЩЕ одним гериатрическим средством является биостимуляторы -это препараты которые воздействуют на ткани организма .улучшают тканевой обмен. Обмен белковой вызывают в организме биохимические изменения что приносит качественную перестройку важных жизненных процессов. Например -это взвес плаценты. Еще как гериатрическое средство используют –оксигенотерапия ОНА может проводится в различных формах –в виде кислородных коктейли и кислородные палатки. Частые прогулки на свежем воздухе, прогулки после дождя и грозы –АЗОН-здесь присутству-

ет атомарный кислород. Пешие прогулки на свежем воздухе

Итак, здоровый образ жизни и всевозможные геритрические средства –основные секреты долголетия

Факторы способствующие долголетию человека

Фактор №1 для долголетия человека – проживание в сельской местности. Проживающие в сельской местности в среднем живут на 5 лет больше горожан Среди селчан процент доживших до 100 лет и более значительно выше чем среди городских. Аналогичное соотношение и в частоте раковых заболеваний ,Это связано с действием на городских жителей вредных веществ содержащихся в выхлопных газах автомашин, дыме промышленных предприятий и т.т.д. Фактор №2 –для долголетия человека высокий материльный уровень жизни. В экономически развитых странах средняя продолжительность жизни – 32-45 равна 68-73 годам, в развивающихся странах 32-45 годам. Фактор №3 для долголетия человека – генетические факторы Дети близородственных родителей живут меньше. Фактор №4 долголетия человека –масса тела. Переедание приводит к сокращению продолжительности жизни к развитию таких заболеваний .как рак и атеросклероз. Чрезмерно полные люди живут в среднем на 5-15 лет меньше, чем худые. Вес имеет значение и в детстве. Недостаточный или наоборот избыточный вес тела в детстве предрасполагает к развитию ряда заболеваний в пожилом возрасте. Фактор №5 долголетия человека - характер Для долголетия важны – удовлетворенность от работы высококравственное поведение, добродушный. спокойный характер. Семейное положение одна из особенности людей проживших 95 лет и более –спокойный, независтливый, незлобный, характер и удовлетворение работой. Холостяки живут в среднем на 5 лет меньше семейных. Фактор №6 долголетия человека - профилактика хронических заболеваний. Факторы снижающие

практически до нуля вероятность заболеть атеросклерозом, гипертонической болезнью, сахарным диабетом 1) Пища содержащая мало холестерина; 2) Достаточно высокая физическая активность; 3) Уровновешанные психика, доброжелательный характер; 4) исключить курения. Курение одной пачки в день уменьшает продолжительность жизни на 7 лет. Двух пачек -на 12 лет сокращает жизнь человека. Фактор № 7 для долголетия человека – средства от переутомления . Например «пигмента старения» наблюдается в нервных клетках не только при старении но и при длительном переутомлении

Адаптационные возможности лиц пожилого и старческого возраста.

Возрастные сдвиги происходящие в результате старения клеток и тканей вызывают значительные изменения в регуляции функций органов и систем. Постепенно изменяются и сами функции что в свою очередь приводит к структурным изменениям. Например в процессе старения уменьшается масса головного мозга, извилины истончаются, соответственно борозды расширяются-происходит старческие изменения в коре головного мозга . Однако наряду с дистрофическими нарушениями в клетках головного мозга. Происходит адаптационные изменения. Основные проявления старения человека связаны с возрастными изменениями функции центральной нервной системы. Раньше всего ослабевают подвижность процессов возбуждения и торможения. Нарушается аналитическая деятельность, чувствительность, обоняние, острота зрения и слуха.

Страдает функции пищеварительной системы и выделительной системы, костномышечной системы - атрофия скелетномышечной системы. Старение приводит к снижению окислительные процессы, повышается потеря белка, потеря кальция, происходит синильный остеопороз. С возрастом увеличивается вероятность онкологических заболеваний.

С. ТУЛЕГЕНОВА,
врач терапевт ГКП на ПХВ
«Сарканский ЦРБ».

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Жаз мезгілі – балалар үшін асыға күтетін көңілді демалыс кезеңі. Мектептегі оқу аяқталып, оқушылар таза ауада серуендеп, лагерьлерге барып, уақыттарын еркін өткізеді. Алайда осы уақытта балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу аса маңызды. Себебі жаз айларында түрлі оқыс оқиғалар мен жарақат алу жағдайлары жиі кездеседі.

Балалардың су айдындарында шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауы – басты талаптардың бірі. Үлкендердің қарауынсыз өзен-көлдерге бару, рұқсат етілмеген жерлерде суға түсу қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар балаларына судағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндіріп, оларды бақылаусыз қалдырмауы қажет.



Сонымен қатар жол қозғалысы ережелерін сақтау да маңызды. Жазда балалар велосипед, самокат теуіп, көшеде көп жүреді. Осы кезде жолдан дұрыс өту, бағдаршам талаптарын орындау, қорғаныш құралдарын пайдалану – қауіптің алдын алады.

Күннің ыстығында күн өтіп кетуден сақтану, өрт қауіпсіздігін сақтау, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста абай болу да ата-аналар мен ұстаздардың назарынан тыс қалмауы тиіс. Әсіресе интернеттегі қауіпсіздік мәселесі де маңызды болып отыр. Сондай-ақ терезе қауіпсіздігін сақтау, Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, Нашакорлық пен зиянды әдеттерге жол бермеу, Лудоманияның қауіптілігін түсіндіру, Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы болу сынды мәселелер де маңызды.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, пайдалы үйірмелер мен спорттық шараларға қатыстыру олардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне оң әсер етеді.

Баланың амандығы – қоғамның басты байлығы. Сондықтан жазғы демалыс кезінде әрбір ата-ана, мұғалім және жауапты мекемелер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бірлесе атсалысуы қажет.

Өз тілшіміз.



«J-LEAGUE» ЖОБАСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Сарқан ауданында 2026 жылғы «J-LEAGUE» жобасының аудандық кезеңі қорытындыланды. Ауқымды спорттық жобаға аудан мектептерінен 450-ға жуық жас спортшы қатысып, 45 команда құрамында өзара бақ сынады.

Жарыстар футбол («Былғары доп»), волейбол («Шұбар доп») және баскетбол («Алтын доп») спорт түрлері бойынша ұйымдастырылды. Іріктеу кездесулері әр сенбі және жексенбі күндері өткізіліп, жас спортшылар өздерінің шеберлігі мен жеңіске деген жігерін көрсетті.

Жобаның жабылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов қатысушыларды құттықтап, облыстық кезеңге жолдама алған командаларға сәттілік тіледі.

«Шұбар доп» (волейбол)

Н.Островский атындағы мектеп-лицейі
М.Жұмабаев атындағы орта мектеп

Ақын Сара атындағы орта мектеп

«Алтын доп» (баскетбол)

Абай мектеп-гимназиясы

№1 мектеп-гимназиясы

Ақын Сара атындағы орта мектеп

«Былғары доп» (футбол)

2011–2012 жылы туған жасөспірімдер арасында:

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп
Н.Островский атындағы мектеп-лицейі

Ақын Сара атындағы орта мектеп

2013–2014 жылы туған жасөспірімдер арасында:

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп
Ақын Сара атындағы орта мектеп

Абай мектеп-гимназиясы

2015–2016 жылы туған жасөспірімдер арасында:

Н.Островский атындағы мектеп-лицейі
Алмалы орта мектебі

Ақын Сара атындағы орта мектеп.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орын иеленген командалар облыстық кезеңге жолдама алды.

Өз тілшіміз.

НЕЛІКТЕН 20 ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ 6 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ?

Өзге елдерде азаматтар зейнетақы жинақтарын бүкіл еңбек қызметі бойы (30–40 жыл) жинайды. Осыған байланысты ерте жаста (мысалы, 20 жаста) жеткілікті зейнетақы жинағын қалыптастыру іс жүзінде мүмкін емес екені анық. Бұл тиісті актуарлық есептеулермен және халықаралық тәжірибемен расталады.



Сондай-ақ еңбек жолының бастапқы кезінде аударылатын зейнетақы жарналары уақыт өте ұзақ мерзім бойы инвестицияланатыны және «күрделі пайыздың» есептелуі арқасында ең жоғары инвестициялық кірісті құрайтыны белгілі. Сол себепті жинақтарды жас кезде алу зейнеткерлік жасқа жеткендегі болашақ жинақтардың көлемін айтарлықтай азайтады.

Ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) есептеу салымшының қазіргі табысына емес, оның болашақта алуы тиіс нысаналы зейнетақысының көлеміне негізделеді. Ол үшін тиісті жаста зейнетақы шотында болуы керек және тіпті болашақта жарналар аударылмаған күннің өзінде қарттық шақта зейнетақы жинақтарының жеткілікті сомасын қамтамасыз ете алатын ең төменгі жинақ сомасы есептеледі.

Мысалы, егер салымшы 20 жаста болса, оның зейнетке шығуына әлі 40 жылға жуық уақыт бар. Осы кезеңде оның жинақтары инвестицияланып, инвестициялық кіріс әкелуі және болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуі тиіс.

Егер қандай да бір себептермен жас азамат зейнетақы жарналарын аударуды тоқтатса да, шотта 6 млн теңгеден астам қаражаттың болуы инвестициялық кіріс есебінен зейнеткерлік жасқа қарай зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі стандартына сәйкес келетін мақсатты деңгейден төмен емес мөлшерде төлемдер алуға қажетті жинақты қамтамасыз етеді.

Мәселен, салымшыға өмір бойы төленетін төлемдерге кепілдік беретін зейнетақы аннуитетінің құны есептік шамадан төмен болуы мүмкін емес. Сақтандыру компаниясы бұл құнды тек салымшының жас екендігіне немесе аннуитетті сатып алу үшін табысының жеткілісіз болғанына сүйеніп қана төмендеті алмайды. Дәл сол сияқты, ТЖШ шамасы да болашақта зейнетақы төлемдерінің мақсатты мөлшерін қамтамасыз ету үшін қажетті есептік деңгейден төмен болмауы тиіс.

Сондықтан жастар үшін ТЖШ-ның жоғары мәндері олардың болашақта қандай мақсатты зейнетақы алуы керек екендігімен анықталады. Нысаналы төлемдер халықаралық стандарттарға сай келетін зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі әлеуметтік стандарттарынан аз болмауы керек. ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) ұсынымына сәйкес, кірісті алмастырудың ең төменгі коэффициенті (КАК) – зейнетақының зейнетке шығар алдындағы еңбек табысына арақатынасы – 40%-дан төмен болмауы шарт.

"БЗЖҚ" АҚ баспасөз орталығы.

ПОРОГИ МИНИМАЛЬНОЙ ДОСТАТОЧНОСТИ ОТСАВАЛИ ОТ РОСТА ИНФЛЯЦИЯ И НЕ ОБЕСПЕЧИВАЛИ АДЕКВАТНОСТЬ БУДУЩЕЙ ПЕНСИИ

По ранее действовавшей методике определения порогов минимальной достаточности (ПМД) регулярного роста порогов не было.

Существенное изменение порогов произошло только в декабре 2021 года при утверждении значений ПМД на 2022 год. Тогда для различных возрастов вкладчиков величины ПМД были повышены в среднем на 70% (в связи с повышением социально-экономических показателей).

В 2023 году ПМД выросли незначительно - в среднем на 5,5% (с учетом изменения социально-экономических параметров).

В течение трех лет (2023-2025 годы) ПМД оставались без изменений, несмотря на повышение минимальной заработной платы и других показателей.

В начале 2026 года ПМД в среднем выросли на 10%.

Экономика страны за этот период прошла через несколько лет повышенной инфляции. По данным Бюро национальной статистики, инфляция по итогам 2021 года составила 8,4%, в 2022 году достигла 20,3%, в 2023 году - 9,8%, в 2024 году - 8,6%, а в 2025 году – 12,3%.

Одновременно росли доходы населения и заработные платы работников. Среднемесячная заработная плата увеличилась с 250,3 тыс. тенге в 2021 году до 364 тыс. тенге в 2023 году, 405 тыс. тенге в 2024 году и превысила 473 тыс. тенге в 2025 году.

Таким образом, с 2022 года пороги минимальной достаточности оставались практически неизменными и не актуализировались, несмотря на рост инфляции, доходов населения и объемов пенсионных накоплений.

Механизм использования пенсионных накоплений на жилье и лечение позволил сотням тысяч граждан решить важные социальные вопросы. Вместе с тем его реализация не должна приводить к снижению уровня их будущей пенсии.

Адекватность порогов минимальной достаточности является важным условием стабильного роста накопительной пенсионной системы. Его назначение заключается в сохранении минимально необходимого объема накоплений, который позволит обеспечить вкладчику пенсионные выплаты в будущем.

После периода наиболее активного использования пенсионных накоплений, связанного со сложной социально-экономической ситуацией (карантинный период и его последствия) накопительная пенсионная система вновь должна функционировать в соответствии со своей основной задачей – обеспечение гражданам достойного уровня пенсии.

Во-первых, объем пенсионных выплат должен превышать объем средств, используемых на иные цели, не связанные с пенсионным обеспечением граждан.

Во-вторых, пенсионные накопления граждан должны расти и увеличиваться за счет взносов и инвестиционного дохода.

Динамичный рост пенсионных накоплений является важным условием обеспечения долгосрочных интересов вкладчиков.

Пресс служба АО "ЕНПФ".



ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫ - ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТ

Медицина қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында Сарқан қаласындағы «ОЛИМП» зертханасында қызмет атқарып жүрген Қанабекова Самал Қожахметқызына шынайы алғысымды білдіргім келеді.

Самал Қожахметқызы – өз ісінің нағыз маманы, мейірімділігі мен адамгершілігі мол жан. Сізге барған сайын көңілім толып қайтамын. Әрбір адамды жылы қарсы алып, ілтипат танытып, жұмысыңызды жоғары жауапкершілікпен атқарасыз. Әрқашан күлімдеп қарсы алып, жақсы көңіл-күй сыйлайсыз. Сіздің ашық мінезіңіз бен жанашырлығыңыз келген адамға ерекше әсер қалдырады.

Әсіресе, кішкентай нәрестелер мен балалардан қан алу кезінде кәсіби шеберлігіңіз ерекше байқалады. Әр балаға мейіріммен қарап, оларды сабырға шақырып, барынша жайлы жағдай жасауға тырысасыз. Осындай нәзік те жауапты жұмысты үлкен ұқыптылықпен атқарып жүргеніңіз ата-аналардың зор сеніміне ие болып отыр. Балалардың қорқынышын сөйлітіп, ата-аналардың көңіліне тыныштық сыйлай білетініңіз үшін ерекше алғысымды білдіремін.

Медбике мамандығы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сіз сол жауапкершілікті абыроймен атқарып қана қоймай, адамға деген құрмет пен қамқорлықтың үлгісін көрсетіп жүрсіз. Сізге сеніммен келетін жандардың көп болуы да осының дәлелі деп білемін.

Осындай кәсібіне адал, жүрегі мейірімге толы, әр науқасқа құрметпен қарайтын маман болғаныңыз үшін Сізге зор алғысымды білдіремін. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс пен толағай жетістіктер тілеймін. Әрқашан халықтың ықыласы мен алғысына бөлене беріңіз.

Қаламызда осындай заманауи зертхананың жұмыс істеп тұрғанына және дәл Самал Қожахметқызы сияқты өз ісін сүйетін, білікті әрі мейірімді медицина қызметкерлерінің барына шын жүректен ризашылығымды білдіремін.

Медицина қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында осындай жауапты әрі маңызды қызмет атқарып жүрген «ОЛИМП» зертханасының қызметкерлерінің еңбегі лайықты бағаланып, алғыс хаттармен және марапаттармен атап өтілсе деген тілегім бар. Әсіресе, Қанабекова Самал Қожахметқызы сияқты өз ісіне адал, кәсіби біліктілігі жоғары, адамға деген жанашырлығы мол мамандардың еңбегі көпшілікке үлгі. Осындай қызметкерлердің еңбегі әрдайым еленіп, құрметке бөлене берсін. Халықтың алғысы – ең үлкен марапат, ал Сіздер сол құрметке әбден лайықсыздар.

Ізгі тілекпен сіздердің кішкентай ғана пациенттеріңіз.

Жатаған у кекіре – карантиндік арамшөп

Жатаған у кекіре – (ACROPTILON REPENS) барлық мәдени өсімдіктерді залалдайды. Олардың өсіп дамуын тежейді, топырақты құрғатып, механикалық өңдеу жасауға қиындықтар туғызады. Дақылдардың сапасын, түсімділігін, сондай-ақ жайылымдардың өнімділігін азайтады. У кекіре топырақтан суды және құнарлы заттарды бойына жақсы сіңіреді. Көптеген жануарлар үшін у кекіре улы болып саналады (әсіресе жылқы малына). Тамыр жүйесі жақсы дамыған. Ол тігінен таралған көптеген тамырлар және көлденеңнен таралған тамыр сабақтарынан тұрады. Тамыры 7 м тереңдікке дейін өседі. Тамырлардан қосымша тамырлар тарайды. Тамырлардың жас шыбықтарында көптеген қосымша бүршіктер болады. Сабағы тік, биіктігі 20–70 см, өрмектеліп түктенген, төменнен бастап бұтақтар кетеді. Өсімдіктің түсі сұр-жасыл, жапырағы мен сабағы түктеніп төмен қарай өскен. Тұқымдары қысқа сары-жасыл немесе сұр-жасыл. У кекіре тұзды, жеңіл және ауыр сазды топырақтарда жақсы өседі. У кекіре көпжылдық өсімдік болғандықтан, тұқымдарымен, тамыршаларымен және тамырдың жас шыбықтарымен көбейеді. У кекіренің күштілігі тамырында, мамырмаусым айларында гүлдейді. Тамырымен топырақты қатты құрғатып, өсімдіктердің өсуін тежейді.

Күресу жолдары – тамыр жүйесін жиі кесіп отыру және содан кейін жер астындағы тамырларына пайдалы заттардың жиналуын болдырмау және қайта өсірткізбеу. Агротехникалық іс-шаралар, күзгі жерді тереңдетіп жырту және заманауи гербицидтерді қолдану арқылы агротехникалық шаралармен кешенді жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.

Оны жою жөніндегі карантиндік іс-шараларды жүргізу үшін нұсқамалар беріліп, оның орындалуы бақылауға алынып отыр. Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және жер учаскелерінде карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу, карантиндік нысандардың таралуынан қорғау, облысымыздың әлеуметтік және экономикалық өсуіне қосқан үлесіміз деп білейік.

Ш.ШАҒАМБАЕВА,

Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының
өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі
мемлекеттік инспекторы.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Байқауға қатысу және жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді танымал ету және мемлекеттік тіл саясатын насихаттау.

Байқау өткізудің міндеттері:

1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;

2) мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар, теле-, радиобағдарламаларды жұртшылық арасында ілгерілету;

3) қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерлеген) til.jane.baq@gmail.com электронды пошта-сына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2026 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;

2) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле- радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле- радиобағдарламалар (1 бағдарлама);

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.

6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.

7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды және Ереженің 5, 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда қараусыз қалдырылады.

8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:

1) тақырыпқа сәйкестік;

2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;

3) мәселені талдау тереңдігі;

4) материалды жеткізу шеберлігі.

9. Байқау екі номинациядан тұрады:

1) «Үздік мақала»;

2) «Үздік теле/ радиобағдарлама».

10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

11. Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының

білікті мамандары, ғалымдар кіреді. Қазылар алқасының төрағасы ретінде алдыңғы 3 жылда сайланған тұлғалар тартыла алмайды.

12. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жүлдегерлерді анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

13. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

14. Байқауға кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған басқа да журналист-мамандар қатыса алады.

15. Байқауға соңғы 3 жылда бірінші орын алған жүлдегерлер қатыстырылмайды.

16. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның қоғамдағы рөлін арттыру жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің және оның қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданудың тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

17. Үміткерлердің Байқауға ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, қазақ тілін үйретудің заманауи моделін көпшілікке аша алуы қажет. Материалдарды бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де ескеріледі.

18. Байқауға қатысушы коммуникативтік ресурстарды орында қолданып, заманауи медиатехнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілінің қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

19. Байқауға қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

20. Байқау жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

21. Байқаудың жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Байланыс телефоны:
8-777-114-66-83.

Желтоқсан қозғалысына – 40 жыл

МЕН 17 ЖАСТА ЕДІМ

Сарқанда Абай атындағы орта мектепті бітіріп, 1984 жылы Талдықорған қаласындағы №5 кәсіптік-техникалық училищеге түстім. Болашақ мамандығым - құрылыс шебері. Үшінші курста оқып жүргенде 1986 жылдың желтоқсан оқиғасы болды. Сол күні мастеріміз сабақты тоқтатып, топтағы 26 баламен түсіндіру сағатын жүргізді. Алматыдағы оқиғаны айтып, «қатыскандардың бәрі жазаланады» деді ол.

Ертеңгісін таңғы астан кейін оқытушымыз бізбен бірге жүріп сыртқа шықпауымызды қатты қадағалады. Дегенмен, бойымыздағы жастық жалын тосын жаңалықтан тыс қалдырмаған болу керек. Жатақханадан сытылып шығып, Ленин көшесінің бойында кетіп бара жатқан жастарға қосылдым. Алаңға жеткенше бүгінгі Әнұранымыз «Менің Қазақстанымды» шырқадық.

Алаңға келдік. Адамдардың қарасы мол. Сол күні демократиялық дүмпудің соңы бейбіт аяқталды. Жетісу өңірінің беделді адамдары жастарға ақылдарын айтып, жатақханаға қайтарды. Жастық желікпен көзге түскен бір топ жастарды қалалық милиция бөліміне апарып, түсініктеме алды. Осы топтың ішінде болып ертеңінде оқу орныма бардым. Алаңға шыққанымның салдарынан сол жылы стипендиядан қағылдым. Дегенмен оқуымды ойдағыдай бітіріп, өз өмір жолымды айқындадым.

Содан бері 40 жыл өте шығыпты. Демократиялық қозғалысқа арқау болған басты арманымыз орындалды. Еліміз тәуелсіздік алды. Бастапқы кезеңдегі экономикалық қиыншылықтар артта қалып, Қазақстан өркениетті елдер қатарына қосылып, еркін елдің ұландары алға нық қадам басып барады.

Қанат АСЫҚПАЕВ.
Сарқан қаласы.




Сен туған күн, мерекеніңен!

Пограничник ауылының тұрғыны, Пограничник дәрігерлік амбулаториясында 40 жыл акушер болып қызмет істеген әріптесіміз **Казантаева Бақыт Мұсаевнаны** 14 маусым күні еңбегінің зейнетін көретін шақпен құттықтаймыз. Ардақты әріптесімізге денің сау, ғұмыр жасың ұзақ болсын деп тілейміз.

Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет! Қуанышыңыз құтты болсын! Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы – Отанда, ұл-қыздардың ортасында балқыған бақытқа толсын! Өмір жолыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнеті 100 есе, 1000 есе болып денсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз.

Құрбым, бүгін ерекше бір белесің,
Еңбек етіп бағындырған кең есімің.
Зейнет деген – демалыстың бастауы,
Шаттық пенен нұрға толсын келешегің.
Жылдар бойы маңдай терің төгілді,
Еңбегіңмен талай белес көрінді.
Енді міне, құрметпенен шығарып,
Ақ тілектер ақтарылар көңілді.

Ізгі ниетпен: Пограничник ДА ұжымы.



ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10) және 12) тармақшаларына, 15-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі №66-НҚ бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 29-тармағына сәйкес, БҰЙРЫҚ №163-НҚ «Сарқанирригация» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына суды каналдар арқылы беру қызметіне 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚҚС-сыз 0,793 теңге / м3 мөлшерде тариф бекітілді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

В соответствии с подпунктам 10) и 12) статьи 8, пунктом 2 статьи 15 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» и пунктом 29 Правил формирования тарифов, утвержденных приказом Министра водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан от 14 апреля 2025 года №66-НҚ, ПРИКАЗ №163-НҚ Утвердить государственному коммунальному предприятию «Сарқанирригация» тариф на услуги по подаче каналам с 1 июля 2026 года в размере 0,793 тенге / м3 без НДС.

ХАБАРЛАНДЫРУ

► Кудеров Арман Едиловтің атына тіркелген 1988 жылғы MAZDA 626 маркалы автокөліктің 153 KRA 05 мемлекеттік тіркеу номері және № BA 00234886 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Аметов Руслан Аликовичтің атына жеке нотариус Әлиева Әсем Ізбасарқызымен мұрагерлік іс ашылғандығын хабарлаймыз.

► "Тасарық орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ атына тіркелген Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі, Абай ауылы А.Құнанбаев көшесі № 40 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-263-037-346, 2020 жыл 03 наурыз) жер учаскесіне уақытша өтеулі, ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беретін № 1140667 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Чукурбаев Адиль Елюбаевичтің атына тіркелген MAZDA 626 маркалы автокөліктің 407 AIN 05 мемлекеттік тіркеу номері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе **SARQAN** газетіне екінші жарты жылдыққа жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Жеке
жазылушылар
үшін индексі
65202, жарты
жылдық бағасы -
3086 теңге.

Мекеме-ұйымдар
үшін индексі
15202,
жарты жылдық
бағасы -
3586 теңге.

Зейнеткерлер
үшін индексі
35202,
жарты жылдық
бағасы -
2586 теңге.

САРҚАН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

2026–2027 оқу жылына талапкерлер қабылдайды

9 сынып негізінде (оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай):

- Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) – «Электромонтер» біліктілігі;
- Ауыл шаруашылығын механикаландыру – «Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері» біліктілігі;
- Тамақтандыруды ұйымдастыру – «Аспаз» біліктілігі;
- Дәнекерлеу ісі – «Электр газымен дәнекерлеуші» біліктілігі.

11 сынып негізінде (оқу мерзімі – 10 ай):

- Тамақтандыруды ұйымдастыру – «Аспаз» біліктілігі;
- Жабдықтарды және газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау және пайдалану – «Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь» біліктілігі;
- Ауыл шаруашылығын механикаландыру – «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі» біліктілігі;
- Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) – «Электромонтер» біліктілігі.

Колледждің артықшылықтары:

- оқу және бір реттік тамақтану тегін;
- мемлекеттік шәкіртақы төленеді;
- сырттан келген студенттерге жатақхана беріледі.

Жаңа сұранысқа ие мамандық: Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының газдандырылуына байланысты «Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь» мамандығы ашылды.

Мекенжайымыз: Сарқан қаласы, Қойбағаров көшесі, 5. Байланыс телефондары: 2-55-98, 2-50-01.

Болашағыңды бүгіннен баста! Сарқан политехникалық колледжіне оқуға түс!

САРКАНСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ

объявляет прием абитуриентов на 2026–2027 учебный год

На базе 9 класса (срок обучения 2 года 10 месяцев):

- Электрооборудование (по видам и отраслям) — квалификация «Электромонтер»;
- Механизация сельского хозяйства — квалификация «Мастер по ремонту сельскохозяйственной техники»;
- Организация питания — квалификация «Повар»;
- Сварочное дело — квалификация «Электрогазосварщик».

На базе 11 класса (срок обучения 10 месяцев):

- Организация питания — квалификация «Повар»;
- Монтаж и эксплуатация оборудования и систем газоснабжения — квалификация «Слесарь по эксплуатации и ремонту газового оборудования»;
- Механизация сельского хозяйства — квалификация «Тракторист-машинист сельскохозяйственного производства»;
- Электрооборудование (по видам и отраслям) — квалификация «Электромонтер».

Преимущества обучения:

- бесплатное обучение и одноразовое питание;
- государственная стипендия;
- предоставляется общежитие для иногородних студентов.

Новая востребованная специальность: «Слесарь по эксплуатации и ремонту газового оборудования» в связи с газификацией Аксуйского, Сарканского и Алакөлского районов.

Адрес: г. Сарқан, ул. Койбагарова, 5. Телефоны: 2-55-98, 2-50-01.